

«АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ  
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»  
ЗАНДЫ ТҰЛҒАНЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА  
ТІРКЕУ

2017 ж 10 08 ЖҮРГІЗІЛДІ  
БСН 970740000838  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 11.07. ЖЫЛ 1997  
КҮВЛІК № 6901-1901-АҚ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ  
Акциялардың жалпы жиналасының  
12.05.2017 жылғы № 6 шешімімен бекітілген

«АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ  
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН  
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2017 ж 26 05 ЖҮРГІЗІЛДІ  
БСН 970740000838  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 11.07. ЖЫЛ 1997  
КҮВЛІК № 6901-1901-АҚ

**«ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН  
КОМПАНИЯСЫ» (KAZAKHSTAN ELECTRICITY GRID OPERATING  
COMPANY) «KEGOC» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы, 2017 жыл

## **1-бап. Жалпы ережелер**

1. «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта құру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: акционерное общество «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC».

3) ағылшын тілінде: joint stock company «KEGOC» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company).

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «KEGOC» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «KEGOC»;

3) ағылшын тілінде: JSC «KEGOC».

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

010010, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат.

5. Қоғамның корпоративтік сайты – [www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)

## **2-бап. Қоғамның заңды мәртебесі**

1. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамаларын, сондай-ақ осы Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін, Қоғамның басқа да құжаттарын, жалпы қабылданған іскерлік этика қағидаларын (дағдыларын) және өздерінің шарттық міндеттемелерін басшылыққа алады.

2. Қоғам ұлттық компания болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылатын және өзінің негізгі мақсаты ретінде жарғылық қызметінен таза табыс алатын коммерциялық ұйымды білдіреді. Қоғамның оқшауланған мүлкі, өзінің дербес балансы, банктік шоттары, өз атауы жазылған дөңгелек мөрі, фирмалық бланкілері мен басқа да деректемелері бар, өз атынан шарттар жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуға, оларды жүзеге асыруға және міндеттер қабылдауға, сотта талапкер, жауапкер және үшінші тұлға болуға құқылы.

Қоғамның миссиясы – заманауи техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға, кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау стандарттарына сәйкес Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмысы мен тиімді дамуын қамтамасыз ету.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте Қоғам өзінің орналасқан жерінен тыс орындарда заңды тұлға болып табылмайтын әрі Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша ереже негізінде әрекет ететін филиалдар мен өкілдіктер құруға, өз мүлкі есебінен оларға негізгі және айналым қаражатын бөліп беруге құқылы, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар, оның ішінде мекемелер құруға құқылы.

5. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапкершілік көтереді.

6. Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша өзіне жауапкершілік қабылдамайды. Акционерлер Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

7. Қоғам жарғылық мақсаттарын жүзеге асыру үшін заңнамамен белгіленген тәртіпте құқылы:

1) Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктерде және өзге қаржы мекемелерінде ұлттық валютада, сондай-ақ шетел валютасында шоттар ашуға;

2) Қоғамның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық атауы жазылған мөрді, мөртабан мен банкілерді, сондай-ақ белгіленген тәртіпте тіркелген тауар белгісі мен эмблемасын (символикасын) иеленуге;

3) өз меншігінде оқшауландырылған мүлкі, сондай-ақ жеке балансы болуына;

4) өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуға және жүзеге асыруға;

5) бағалы қағаздар шығаруға;

6) басқа ұйымдарды құруға немесе қызметіне қатысуға;

7) сотта талапкер және жауапкер болуға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Жарғыға сәйкес өзіне берілген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

8. Қоғам міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) белгіленген тәртіпте салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;

3) өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап беруге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтеруге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе осы Жарғымен өзіне жүктелген басқа да міндеттерді атқаруға.

### **3-бап. Қоғамның құрылтай құжаттары**

1. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

2. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы. Мүдделі тұлғаның талабы бойынша Қоғам кейінгі өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, Жарғымен танысу құқығын беруге міндетті. Қоғам үш жұмыс күні ішінде акционердің оған осы Жарғының көшірмесін ұсыну туралы талабын орындауға міндетті.

### **4-бап. Қоғам қызметінің негізгі түрлері**

1. Қоғам мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) шартқа сәйкес ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу жөнінде жүйелік қызмет көрсету;

2) Ұлттық электр торабының жабдықтарына пайдалану бойынша қызмет көрсету;

3) электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімдерін жасауды және тәуліктік кестесін жасауды қоса алғанда, шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі жұмысының режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыра отырып, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша жүйелік қызмет көрсету;

4) электр энергиясын өндіру-тұтынудың теңгерімдерін ұйымдастыру бойынша жүйелік қызмет көрсету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеуді жүзеге асыру;

6) нақты уақыт режимінде және жүйелік әрі қосалқы қызметтер нарығында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуін ұйымдастыруды жүзеге асыру;

7) қатарлас жұмыс режимдерін басқару және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша іргелес мемлекеттердің энергия жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау;

8) электр қуатын реттеу және резервтеу;

9) электр энергиясы көтерме сауда нарығының барлық субъектілерінің бірыңғай ақпараттық жүйесін, электр энергиясын есепке алудың автоматтандырылған жүйесін, релелік қорғау және аварияға қарсы автоматикасының түйіндес құрылғыларын құру бойынша техникалық және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

10) жеке технологиялық және өндірістік қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесін орталықтан жедел-диспетчерлік басқару;

12) Қоғамның ведомствоға бағынысты ұйымдарының объектілеріндегі электр моторларды, генераторлар мен трансформаторларды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету;

13) Қоғамның ведомствоға бағынысты ұйымдарының объектілеріндегі электр таратқыш және реттеуші аппаратураларды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету;

14) Қоғамның ведомствоға бағынысты ұйымдарының объектілеріндегі электрмен жарықтандыру жабдықтарын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету;

15) Қоғамның ведомствоға бағынысты ұйымдарының объектілеріндегі басқа санаттарға енгізілмеген басқа да электр жабдықтарын жөндеу және техникалық күтім жасау;

16) жеке меншігіндегі жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару.

## **5-бап. Қоғамның негізгі функциялары**

1. Қоғам Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің жүйелік операторы бола отырып, «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Ұлттық электр торабына техникалық қызмет көрсетуді, пайдалану дайындығында ұстауды қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету;

3) энергия өндіруші ұйымдар арасында қуат резервтерінің көлемін, құрылымын, таратылуын айқындау және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі қуат резервтерін іске қосу;

4) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің ұлттық электр торабына енуі үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысушыларды коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын мәліметтерді қозғамайтын ақпаратпен қамтамасыз ету;

6) электр станцияларының, қосалқы станциялардың негізгі жабдықтарын, электр жеткізу желілерінің, релелік қорғау және аварияға қарсы автоматика құрылғыларының, технологиялық басқару жүйелерінің жөндеуге шығарылуын келісу және олардың жұмысқа дайын болуын қамтамасыз ету;

7) су-шаруашылық теңгерімдерін есепке ала отырып, гидроэлектр станцияларының жұмыс режимдерін және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің жұмыс режимдерін әзірлеуге қатысу;

8) электр энергиясы теңгерімдерінің ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлеуді жүзеге асыру;

9) электр қуаты нарығының жұмыс істеуін ұйымдастыруды жүзеге асырады.

2. Қоғам Жүйелік операторға Қазақстан Республикасының заңнамасымен тікелей айқындалған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

## **6-бап. Қоғамның мүлкі және жарғылық капиталы**

1. Қоғам мүлкі:

- 1) акционердің акцияларға ақы төлеуге берген мүлкі;
- 2) өз қызметі нәтижесінде алынған табысы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге мүлік есебінен қалыптастырылады.

2. Қоғамның жарғылық капиталын арттыру Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

## **7-бап. Қоғамның акциялары және басқа бағалы қағаздары**

1. Акция Қоғам шығаратын және оның түрі мен санатына қарай Қоғам акционерлерінің мынадай құқықтарын растайтын бағалы қағаз болып табылады:

- 1) дивидендтер алу;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Жарғымен көзделген тәртіпте Қоғам істерін басқаруға қатысу;
- 3) Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу;
- 4) осы Жарғының 21-бабына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар.

2. Акцияның номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен белгіленеді. Қоғамның барлық акциялары құжатсыз нысанда шығарылады.

3. Қоғам жай және артықшылықты акцияларды шығаруды жүзеге асырады. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі Қоғамға қатысты бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы өз құқықтарын жүзеге асырады.

4. Жай акция оны иеленетін әрбір акционерге осындай акциялар түрінің басқа иелерімен бірдей көлемде құқықтар береді. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын береді. Жай акция сонымен қатар, Қоғамда таза табыс болған жағдайда акционерге дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ Қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын және осы Жарғының 21-бабына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды береді.

5. Қоғам артықшылығы бар акцияларды шығаруға құқылы. Орналастыру кезеңінде Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.

Артықшылықты акциялардың меншік иелері-акционерлердің жай акциялардың меншік иелері-акционерлеріне қарағанда осы Жарғыда белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.

6. Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысуға құқық береді, егер:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу қоюға дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі.

Артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерге байланысты шешімдер қабылдау, оған мыналар жатады:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерінің кемуі немесе есептеу мөлшері тәртібінің өзгеруі;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібінің өзгеруі;

артықшылықты акцияларды Қоғамның жай акцияларына алмастыру;

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғам сатып алған жағдайда артықшылықты акциялардың құнын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту (егер құрылтай жиналысында бекітілмеген болса, әдістемені бекіту) туралы мәселені қарастырады;

3) Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды қайта құру немесе жою туралы мәселені қарастырады;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 5-тармағы негіздері бойынша дивиденд төленбеген жағдайлардан басқа, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді Қоғам оны төлеу үшін белгіленген мерзімі өткен 3 (үш) ай ішінде толық көлемде төлемеген жағдайда мәселені қарастырады.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам шығаратын акцияларды сатып алуға опциондар жасауға құқылы. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес туынды бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

8. Қоғам Директорлар кеңесі бекітетін облигациялық бағдарламаға сәйкес облигациялар шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Облигациялар шығарылымының құрылымы, оларды мерзімінен бұрын өтеу шарттары, сонымен қатар Қоғам облигациялар шығарған кезде орындауы тиіс шарттар мен шектеулер облигациялық бағдарлама проспектісімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

9. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акцияларды айырбастауға, сонымен қатар бағалы қағаздарды айырбастауға құқылы.

Қоғамның акцияларын айырбастау бір түрдегі акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау жолымен жүзеге асырылады. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау бұдан кейін өтелетін бір түрдегі бағалы қағаздарды басқа түрдегі бағалы қағаздарға айырбастау жолымен жүзеге асырылады.

10. Қоғамның акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын шығару Қоғамның жарияланған және орналастырылған акцияларының арасындағы айырмашылық шегінде жүргізіледі. Облигацияларды акцияларға айырбастау

тәртібі облигацияларды шығару шарттарымен айқындалады. Қоғамның артықшылықты акциялары артықшылықты акцияларды иеленетін акционерлердің құқықтарын шектемей жай акцияларға айырбасталуы мүмкін. Акцияларды айырбастау тәртібі мен шарттарын Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді және бағалы қағаздар шығарылымы проспектісімен айқындалады.

11. Қоғамның «алтын акцияларды» шығаруға құқығы жоқ.

## **8-бап. Қоғам орналастыратын акцияларға ақы төлеу**

1. Қоғам орналастыратын акциялардың бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте белгіленеді.

2. Қоғамның орналастыратын акцияларына ақы төлеу үшін ақша, мүлік құқықтары (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне берілген құқықтар) және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа да мүліктер енгізілуі мүмкін.

Қоғамның акцияларын ақшадан басқа, мүлікпен төлеу (бағалы қағаздарды қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы анықтайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

Қор биржасында айналымдағы бағалы қағаздармен Қоғамның орналастырылған акцияларына ақы төлеу қор биржасының бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес нарықтық баға бойынша жүзеге асырылады. Акцияларға ақы төлеуге енгізілетін бағалы қағаздардың түрлеріне қатысты аталған әдістеме бойынша қор биржасы есептеген, осындай бағалы қағаздардың нарықтық бағасы болмаған жағдайда, оларды құны бойынша бағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы жүзеге асырады.

Егер Қоғамның орналатырылған акцияларын төлеу үшін мүлікті пайдалану құқығы енгізілген болса, мұндай құқықты бағалау Қоғам пайдаланған бүкіл мерзім ішінде осы мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақы мөлшеріне сүйене отырып жүргізіледі. Көрсетілген мерзім өткенге дейін Акционерлердің жалпы жиналысының келісімінсіз осындай мүлікті алып алуға тыйым салынады.

Акцияларды орналастырған кезде Қоғамға тыйым салынады:

- 1) орналастырылатын акцияларды сатып алуға;
- 2) олардың талаптарымен (олардың шығару шарттарымен) эмитенттің орналастырған акцияларын сатып алуға эмитенттің құқығын немесе міндетін көздейтін (туынды бағалы қағаздарды сатып алуға) шарттар жасауға.

3. Қоғам орналастырылған акцияларды толығымен төлегенге дейін Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінде осындай акцияларды сатып алушылардың шотына есептеу туралы бұйрық беруге құқығы жоқ. Толығымен төленбеген акциялардың және Қоғам сатып алған акциялардың дауыс беру құқығы жоқ және олар бойынша дивидендтер төленбейді.



## **9-бап. Қоғамның акцияларын және акцияға айырбасталатын бағалы қағаздарын орналастыру тәсілдері**

1. Қоғамның акциялары жарияланған акциялар саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы олардың шығарылымын мемлекеттік тіркегеннен кейін орналастырылады.

Қоғамның акцияларын орналастыру акционерлердің акцияларды және Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды артықшылықты сатып алу құқықтарын іске асыруы, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында өткізілетін жазылымдар немесе аукциондар не болмаса бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізілетін жазылымдар немесе аукциондар арқылы, сондай-ақ қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін қоғамның акцияларына айырбастау арқылы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда жүзеге асырылады.

Орналастырудың тікелей тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қоғам органдарының шешімдеріне сәйкес айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінде акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздар мен облигацияларды орналастыру тәсіліне қатысты нұсқаулар болмаған жағдайда, осындай бағалы қағаздарды орналастыру тәсілін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайды.

3. Қоғам жарияланған акцияларды немесе жай акцияларға айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастырған кезде, сонымен қатар бұрын сатып алынған бағалы қағаздарды сатқан кезде бұқаралық ақпарат құралдарында немесе Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жазбаша хабарлау немесе жариялау арқылы орналастыру/сату туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өз акционерлеріне бағалы қағаздарды орналастыру/сату туралы шешім қабылдаған Қоғамның органы белгілеген орналастыру/сату бағасы бойынша оларда бар акциялар санына шамалас теңдей жағдайда бағалы қағаздарды сатып алуға ұсыныс жасауға міндетті. Бұл ретте Қоғамның жай акцияларын иеленетін акционер Қоғамның жай акцияларын немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар, ал Қоғамның артықшылықты акцияларын иеленетін акционер артықшылықты акцияларды артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

4. Хабарлама/жарияланым орналастырылатын/сатылатын акциялардың немесе акцияларға айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың саны мен түрлері, оларды орналастыру/сату бағасы (оның ішінде оларды сатып алудың айрықша құқығын жүзеге асырған жағдайда олардың Қоғамның акционерлеріне сату/орналастыру бағасы), әр акционер сатып алуға құқылы бағалы қағаздардың санын анықтау тәртібі, бұл құқықтың қолданылу мерзімі мен жүзеге асыру тәртібі туралы мәліметті және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес басқа да мәліметтер мен ақпаратты қамтуы тиіс.

5. Қоғамның акцияларды орналастыру/сатуы туралы хабарланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде акционер акцияларды және/немесе Қоғамның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға өтінім бере отырып, артықшылықты сатып алу құқығын толығымен немесе ішінара жүзеге асыруға құқығы бар.

Акционердің Қоғамның бағалы қағаздарын артықшылықты сатып алу құқығын іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

## **10-бап. Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды Қоғамның сатып алу**

1. Қоғам акционерден оның келісуімен оған тиесілі акцияларды Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен Қоғамның сатып алу кезіндегі акциялар құнын айқындау әдістемесіне сай, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, Қоғам акцияларын қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен сатып алу жағдайынан басқа кезде сатып алуға құқылы. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгесі белгіленбесе, Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

2. Қоғам орналастырылған акцияларды мына негіздемелер бойынша сатып алуға құқылы:

- 1) сатып алынған акцияларды қайтадан үлестіру мақсатында;
- 2) дивидендтік төлемақыларды азайту мақсатында;
- 3) айырбасталатын бағалы қағаздарды шығарған кезде белгіленген талаптармен Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау мақсатында;
- 4) опциондық келісімшарттарды орындау мақсатында;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда.

3. Егер Қоғамның сатып алатын акциялар саны жалпы орналастырылған акциялар санынан 25 (жиырма бес) пайызға асса, ал орналастырылған акцияларды сатып алу шығыстары оның меншік капиталы мөлшерінің 10 (он) пайызынан астамын құраса, Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуға құқығы жоқ:

1) орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша сатып алу кезінде – сол күнгі жай-күй бойынша:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 1), 1-1) және 3) тармақшаларында көрсетілген шешімдерді Акционерлердің жалпы жиналысының қабылдауы;

сауда-саттықты ұйымдастырушының Қоғам акцияларын делистингілеу туралы шешім қабылдауы;

ірі мәмілені және/немесе жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәмілені бекіту туралы шешім қабылдауы;

2) орналастырылған акцияларды Қоғамның бастамасы бойынша сатып алу кезінде – Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешімді қабылдау күніндегі жай-күй бойынша.

4. Қоғам сатып алған акциялар Акционерлердің жалпы жиналысында кворумды айқындау кезінде есепке алынбайды, дауыс беру құқығын бермейді және дауыстар саналған кезде ескерілмейді, олар бойынша дивидендтер есептелмейді.

5. Акцияларды сатып алу туралы шешіммен сатып алынатын акциялардың түрі, әрбір түрі бойынша сатып алынатын акциялар саны, сатып алу бағасы, төлеу нысаны мен мерзімі, сондай-ақ акцияларды сатып алу жүзеге асырылатын төлеу мерзімі айқындалуы тиіс. Егер Қоғамның өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны Қоғам сатып алуға жариялаған акциялардың санынан асып түскен жағдайда, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады.

6. Акцияларды сатып алу кезінде төлем ақшамен, сондай-ақ акционер келіскен жағдайда Қоғамның басқа да бағалы қағаздарымен жүзеге асырылады. Акциялар сатып алу үшін белгіленетін мерзім 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем болмауы керек. Акцияларды сатып алу бағасын Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте айқындайды.

7. Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акциялардың жалпы санының 1 (бір) пайыздан астамын сатып алу кезінде Қоғам акцияларды сатып алу-сату мәмілелерін жасағанға дейін осындай сатып алу туралы өз акционерлеріне жариялауға міндетті. Қоғамның хабарламасы бұқаралық ақпарат құралдары мен Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жарияланады және сатып алынатын акциялар түрі мен саны, оларды сатып алу бағасы, төлем нысаны мен мерзімі, сондай-ақ акцияларды сатып алу кезіндегі шарттар мен мерзімі туралы мәліметті қамтуы керек.

8. Орналастырылған акцияларды Қоғамның сатып алуға құқығы жоқ:

1) Акционерлердің бірінші жалпы жиналысын өткізгенге дейін;

2) акцияларды құрылтайшылар арасында орналастырудың қорытындылары туралы алғашқы есеп бекітілгенге дейін;

3) акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамның меншік капиталының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген ең төменгі жарғылық капитал мөлшерінен кем болса;

4) егер акцияларды сатып алу кезінде Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабылетсіздігі немесе дәрменсіздігі белгілеріне сай келсе немесе аталған белгілер барлық қажетті немесе сатып алуы болжанған акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;

5) егер де сот немесе Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса.

## **11-бап. Акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу**

1. Қоғам орналастырылған акцияларды сатып алуды Қоғам акционерінің талабы бойынша жүргізуі тиіс, бұндай талап мынадай жағдайларда қойылуы мүмкін:

1) Акционерлердің жалпы жиналысының Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдауы (егер акционер Қоғамды қайта құру туралы мәселені қарастырған Акционерлердің жалпы жиналысына қатысса, және оған қарсы дауыс берсе);

2) Қоғамның акцияларын делистингілеу туралы Акционерлердің жалпы жиналысының шешім қабылдауы (егер акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе егер ол осы жиналысқа қатысса және көрсетілген шешімге қарсы дауыс берсе);

3) Қоғам акцияларын делистингілеу туралы сауда-саттықты ұйымдастырушының шешім қабылдауы;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және/немесе осы Жарғымен белгіленген тәртіппен қабылданған, ірі мәмілені бекіту туралы шешіммен және/немесе оны бекітуге Қоғамның мүддесі бар мәмілені бекіту туралы шешіммен келіспегенде;

5) Қоғам Жарғысына осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарын шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімді (егер акционер осындай шешім қабылдаған Акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысқанда және аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдағанда.

2. Акционерлердің оларға тиесілі акцияларды сатып алу туралы талаптары Қоғамға осы баптың 1-тармағында көрсетілген шешімді қабылдау күнінен немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының Қоғамның акцияларын делистингілеу туралы шешімін қабылдау күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қоғам Басқармасының мекенжайына жазбаша өтініш жіберу арқылы қойыла алады.

3. Акционерден өтініш алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қоғам акционерден акцияларды сатып алуға міндетті.

4. Қоғамның орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша сатып алуы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен, Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Қоғам сатып алған акциялар туралы мәлімет Қоғамның акцияларды ұстаушылары тізілімдемесі жүйесіне міндетті түрде енгізуге жатады.

6. Қоғамның өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны Қоғам сатып алуы мүмкін акциялардың санынан артық болған жағдайда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады.

## **12-бап. Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушыларының тізілімдер жүйесі**

1. Қоғамның бағалы қағаздарының эмиссиясы Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде тіркеледі.

2. Қоғам акцияларының қозғалысы акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде тіркеледі. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, осындай қызметті жүргізуге құқығы бар тіркеуші жүзеге асырады. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде әрбір акция, акцияны сатып алған уақыт, сондай-ақ әрбір акционердегі осындай акциялардың саны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың деректемелері мен өзге де мәліметтер көрсете отырып қамтылады. Қоғам ұсынған мәліметтер бойынша тұлғалардың деректемелері акцияларға арналған кепілдік құқықтарға ие болады, сондай-ақ кепіл ұстаушының осындай акциялар бойынша дауыс беру құқығы бар ма, сол көрсетіле отырып, акционерлер тізілімдемелеріне енгізіледі.

3. Қоғамның акцияларынан басқа бағалы қағаздарының тізілімдер жүйелерін құру мен жүргізуді осындай қызметті жүзеге асыруға құқығы бар тіркеуші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

4. Қоғам мен тіркеуші арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жасалатын шартпен реттеледі.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге көзделмесе, Қоғамның бағалы қағаздары бойынша құқықтарын уақыттың белгілі бір кезеңіне растау бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде және/немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және/немесе орталық депозитариді есепке алу жүйесінде бағалы қағаздарды ұстаушының дербес шоттарынан алынатын үзінді негізінде жүзеге асырылады.

## **13-бап. Таза табысты бөлу тәртібі. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер**

1. Қоғамның таза табысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте анықталады. Таза табысты бөлу Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіткеннен кейін жүзеге асырылады.

2. Қоғамның таза табысы бюджетке салықтар мен басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін Қоғамның иелігінде қалады, оның бір бөлігі акционерлер арасында дивидендтер түрінде бөлінеді, қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен көзделген өзге мақсаттарға жұмсалады. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе бағалы қағаздармен төленеді. Жай акциялар бойынша дивидендтерді Қоғамның бағалы қағаздары бойынша төлеуге, егер мұндай төлеу Қоғамның жария етілген

акцияларымен және олар шығарған облигациялармен жүзеге асырылған жағдайда, акционердің жазбаша келісімі болған кезде, Қоғамның құқығы бар.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

Дивидендтері төленбеген акцияларды иеліктен алу, егер акцияларды иеліктен алу туралы шартта көзделмесе, акциялардың жаңа меншік иесі оларды алу құқығын жүзеге асырады.

3. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуді тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жыл қорытындысы бойынша жария етуге Қоғамның құқығы бар. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толығымен төленбейінше жай акциялар бойынша дивидендтер төленбейді.

Бір артықшылықты акцияға есептелетін дивиденд мөлшері осы кезеңдегі бір жай акцияға есептелетін дивиденд мөлшерінен кем болмауы керек.

Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлер тізімін Қоғам дивиденд төлеу басталған күннің алдындағы күні жасайды.

4. Қоғам орналастырмаған немесе өздері сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ сот немесе Акционерлердің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

5. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеуге мынадай жағдайларда жол берілмейді:

1) жеке капиталдың теріс мөлшері болған кезде немесе егер Қоғамның жеке капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам төлем қабілеттілік белгілеріне сай болмаса немесе Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес дәрменсіз болса немесе көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса.

6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дивидендтерді уақытында төлеу үшін жауапкершілікке ие болады.

#### **14-бап. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі**

1. Тоқсанның немесе жарты жылдықтың қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен және тиісті кезеңге Қоғамның қаржылық есептемесіне аудит өткізілген соң ғана жүзеге асырылады.

Тоқсанның немесе жарты жылдықтың қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде бір жай акцияға дивидендтер төлеу мөлшері көрсетіледі.

Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен қабылданады.

Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәлімет болған жағдайда жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап 90 күннен кешіктірмей дивидендтерді төлеу жүзеге асырылуы керек.

Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәлімет болмаған жағдайда, акционердің ол туралы қажетті мәліметтерді Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіне енгізілгенін растайтын құжаттарды Қоғамға ұсынған сәттен бастап 90 күн ішінде жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу жүзеге асырылуы керек.

2. Акционерлердің жалпы жиналысы, шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде міндетті түрде көрсетілген шешімді бұқаралық ақпарат құралдары мен Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жариялай отырып, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам органдары шешім қабылдамай-ақ жүргізіледі.

3. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтердің кепілдендірілген мөлшерін төлеу жылына 1 (бір) рет жүргізіледі. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің кепілдендірілген мөлшерін төлеуді бастаудың нақты күнін Қоғам Басқармасы айқындайды.

4. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы Қоғамның шешімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан орны, банктік және өзге деректемелері;
- 2) дивидендтер төленіп отырған кезең;
- 3) бір жай акцияға есептелгендегі дивиденд мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеу басталатын күні;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны.

5. Жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы Қоғамның шешімі, сонымен қатар артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы мәліметтерді Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары мен Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жариялайды.

6. Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді төлеу төлем агенті арқылы жүргізіледі. Төлем агентінің қызметіне ақы төлеу Қоғам қаражаты есебінен жүргізіледі.

7. Акциялардан басқа, Қоғам шығаратын өзге эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша табыс төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның бағалы қағаздар шығарылымы проспектілеріне сәйкес жүргізіледі.

## **15-бап. Қоғам органдары**

1. Қоғам органдары:

- 1) жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма төрағасы басқаратын Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару бойынша құжаттардың орындалуы саласындағы бағалауды және Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

## **16-бап. Акционерлердің жалпы жиналысы**

1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы жыл сайын өткізіледі. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталған соң 5 (бес) айдан кешіктірілмейтін мезгіл ішінде өткізіледі. Есептік кезең үшін Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім 3 (үш) айға созылған болып саналады.

2. Акционерлердің жылдық жиналысынан басқа барлық жиналыстары кезектен тыс деп саналады. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам Басқармасы орналасқан жерде өткізіледі.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің немесе ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен акционерлердің кезектен тыс жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары көзделуі мүмкін.

3. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

- Қоғамның жылдық қаржылық есептемесі бекітіледі;
- Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері анықталады;
- акционерлердің Қоғамның және оның лауазымдық тұлғаларының әрекетіне қатысты өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселелер қарастырылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:

- Директорлар кеңесінің, Басқарманың барлық мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі мен қажет болған жағдайда Қоғамның құрылымдық бөлімшелері басшыларының қатысуын қамтамасыз етеді;

- Директорлар кеңесінің және Қоғамның Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы акционерлерді хабардар етеді;

- акционерлерге Директорлар кеңесінің қызметі туралы есепті қамтитын Қоғамның жылдық есебін ұсынады. Қоғамның және Директорлар кеңесінің жылдық есебінің мазмұнына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын басқа да мәселелерді қарауға құқылы.



4. Акционерлердің жалпы жиналысына оларға тиесілі акцияларға толығымен ақы төлеген акционерлер ғана қатыса алады және дауыс бере алады. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлердің тізімін Қоғамның тіркеушісі Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің деректері негізінде жасайды. Көрсетілген тізімді жасау мерзімі жиналыс өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте жасалынбайды. Акционердің талабы бойынша Қоғам оған Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар тұлғалардың тізімін танысу үшін ұсынуға міндетті.

5. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі нақты және толық тұжырымдаманы және әр түрлі түсіну мүмкіндігін болдырмайтын талқылауға шығарылатын мәселелер тізбесін қолдана отырып жасайды. Күн тәртібінде «әртүрлі», «өзге», «басқа да» деген сөздерді және оларға ұқсас тұжырымдамаларды қоса алғанда, кең түсінілетін тұжырымдамаларды қолдануға тыйым салынады. Жиналыстың күн тәртібін бекіту Акционерлердің жалпы жиналысында жиналыста ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының санынан көп дауыс берумен жүргізіледі.

6. Акционерлердің жалпы жиналысының Күн тәртібін Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын жеке немесе басқа акционерлермен бірлесе иеленетін акционер немесе Директорлар кеңесі, егер бұл толықтыру туралы Қоғамның акционерлері осы баптың 7-тармағымен белгіленген тәртіпте немесе Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей хабардар етілсе, толықтыруы мүмкін.

7. Егер енгізілуі үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан немесе Қоғамның дауыс беруші акцияларының жинақтап алғанда кем дегенде 95 (тоқсан бес) пайызын иеленетін акционерлердің көпшілігі (немесе олардың өкілдері) дауыс берген болса, Күн тәртібіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Күн тәртібі, егер оны енгізуге орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылықты акциялардың санының кем дегенде үштен екі бөлігі дауыс берген болса, шешімі артықшылықты акцияларды иеленетін акционерлердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелермен толықтырылуы мүмкін.

8. Шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған жағдайда, сонымен қатар акционерлердің қайталама (өткізілмегеннің орнына) жиналысы өткізілген жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және/немесе толықтырылмайды. Акционерлердің қайталама жиналысының күн тәртібінің акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауы тиіс.

9. Акционерлердің жалпы жиналысы жиналыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ. Акционерлердің жалпы жиналысы тек күн тәртібінің барлық мәселелерін қарағаннан кейін және олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

## **17-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу тәртібі**

1. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді Басқарма, Директорлар кеңесі, олармен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі, тарату комиссиясы жүзеге асыра алады. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығыстарды, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделмеген болса, Қоғам көтереді.

2. Акционерлерді жиналыс өткізілетіні туралы хабарлауды Қоғам 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей жүзеге асырады, ал сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарында және Қоғамның корпоративтік веб-сайтында хабарламаны жариялау арқылы жиналыс өткізілетін күнге дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады. Бұған қосымша Қоғам баспасөз басылымдарына, бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда, басқалар арқылы да акционерлерді хабардар етуге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарламаның мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережемен айқындалады.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі оның Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру құқығын растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес рәсімделген сенімхатты көрсетуі тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворум анықтаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Акционерлер-артықшылықты акциялардың иелері күндізгі ретпен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралып отырған мәселені талқылауға қатысуға құқығы бар.

Егер басқасы күндізгі ретпен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленбесе, Акционерлердің жалпы жиналысына акционер болып табылмайтын өзге тұлғалардың шақырусыз қатысуына болмайды. Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы осындай тұлғаларға Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша беріледі. Аталған ереже жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша қажетті ақпараттар мен қосымша материалдарды акционерлерге беру мақсатында жалпы жиналыс жұмысына қатысушы Қоғам қызметкерлеріне қолданылмайды.

4. Акционерлердің жалпы жиналысы, егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте Қоғамның акционерлерінің тізіміне енгізілген, Қоғамның дауыс беруші (жиналыс өткізілген сәтте дауыс беру құқығы бар) акциялардың жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер немесе олардың өкілдері, соның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер (осындай акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, күн тәртібін қарауға және сол бойынша шешім қабылдауға құқығы бар.

5. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдерде көрсетілген және Акционерлердің жалпы

жиналысына қатысушыларды тіркеу сәтінде Қоғам алған дауыстар кворумды анықтаған және дауыс беру қорытындысын шығарған кезде есепке алынады.

6. Өткізілмеген жиналыстың орнына шақырылған Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы мына жағдайларда заңды болып табылады, егер:

1) кворумның болмауы себепті өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған сәтте жиналысқа қатысу үшін Қоғамның дауыс беруші (жиналыс өткізілген сәтте дауыс беру құқығы бар) акцияларының 40 (қырық) және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (осындай акционерлердің өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер (немесе осындай акционерлердің өкілдері) тіркелген болса.

Кворум болмаған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру жолымен өткізген жағдайда акционерлердің қайталама жиналысы өткізілмейді.

Акционерлердің қайталама жиналысы бастапқы (өткізілмеген) жиналыс өткізілетін күні белгіленген мерзімнің келесі күнінен ерте емес уақытта өткізілмеген жиналыстың болатын жерінде өткізіледі.

Акционерлердің қайталама жиналысын өткізуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

7. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытында ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы, барлық акционерлер немесе олардың өкілдері тіркеліп қойған, жиналыстың ашылатын уақытын өзгертуге қарсы емес болған жағдайды есепке алмағанда, бұрын жарияланған уақыттан ерте ашылмайды.

8. Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасын (президиумды) және Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысын сайлауды жүргізеді.

Басқарма мүшелері, жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы Басқармаға жататын жағдайды есепке алмағанда, Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

Басқарма мүшелері Қоғамның Есептеу комиссиясының құрамына кіре алмайды.

Есептеу комиссиясының Акционерлердің жалпы жиналысы жұмысындағы функциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Есептеу комиссиясының функциялары Қоғамның тіркеушісіне жүктелуі мүмкін. Есептеу комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерде бар ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

## **18-бап. Акционерлердің жалпы жиналысында өкілдік ету**

1. Акционер өзі жеке немесе акционердің өзі үшінші тұлғаға немесе атаулы ұстаушылардың өкілдеріне берген сенімхат бойынша өзінің өкілі арқылы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселе бойынша

дауыс беруге құқылы. Қоғам Басқармасы мүшелерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ. Осындай өкілдік ету Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаудан тұратын сенімхатқа негізделген жағдайды есепке алмағанда, Қоғам қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

2. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде әрекет етеді. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар адамдар үшін қаралып отырған мәселе бойынша дауыс беру үшін сенімхат талап етілмейді.

### **19-бап. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру**

1. Акционерлердің жалпы жиналысында төмендегі жағдайларды есепке алмағанда әр акционер «бір акция-бір дауыс» қағидаты бойынша дауыс беру құқығына ие:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілген акциялар бойынша берілген дауыстың ең көп саны шектелген;

2) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлаған кезде кумулятивтік дауыс берген;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әр тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

2. Жиналыста дауыс беру ашық тәсілмен және бюллетеньдер бойынша құпия дауыс беру тәсілімен жүргізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әр мәселесі бойынша кворум анықталады.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру жолымен қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жиналысына қатысқан Қоғам акционерлерінің келіп дауыс беруімен (аралас дауыс беру) не болмаса Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей дауыс берген дауыстармен бірге қолданылуы мүмкін.

Сырттай/аралас дауыс беруді өткізу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен және Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережемен белгіленеді.

4. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде Қоғам Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің деректері негізінде жасалған акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдерді жіберуге міндетті. Қоғам акционерлердің жиналысында сырттай дауыс беру үшін арналған бюллетеньдерді бұқаралық ақпарат құралдарында және/немесе

Қоғамның корпоративтік веб-сайтында Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарландырумен бірге орналастыруды қамтамасыз етеді.

5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер алушыға Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін не болмаса Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізбей сырттай дауыс беру үшін берілген дауыстар есептелген күнге дейін 45 (қырық бес) күннен кешіктірмей жіберіледі.

6. Сырттай дауыс беру кезінде мынадай талаптар сақталуы тиіс:

1) күн тәртібі бойынша шешім қабылдаған кезде бірыңғай нысандағы бюллетеньдер қолданылуы тиіс;

2) дауыс беруге арналған бюллетень мыналардан тұруы тиіс:

Қоғам Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;

жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәлімет;

сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер ұсынудың соңғы мерзімі;

шақырған жағдайда жиналысты өткізу күні немесе Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізбей сырттай дауыс беру кезіндегі дауыстар саны есептелген күн;

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдамасы;

дауыс беруге қойылған әр мәселе бойынша «жақ», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен берілген дауыс беру нұсқалары;

күн тәртібінің әр мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетень толтыру) тәртібіне түсіндірме;

егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, кандидаттарды сайлауға ұсынылғандардың аты;

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа да мәліметтер.

7. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционер – жеке тұлға аталған тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті көрсете отырып, қол қойған болуы тиіс.

Акционердің-заңды тұлғаның дауыс беруге арналған бюллетеніне заңды тұлғаның басшысы қол қойып, заңды тұлғаның мөрімен (болған жағдайда) куәландырылуы тиіс.

Дауыс берген акционердің-жеке тұлға немесе дауыс беруші акционердің-заңды тұлғаның басшысы қол қоймаған, сонымен қатар заңды тұлғаның мөрі басылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады.

Берілген дауыстарды санаған кезде бюллетенде анықталған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының тек біреуі ғана белгіленген, дауыс беру тәртібі сақталған мәселелер бойынша акционердің дауысы есептеледі.

8. Дауыс беруге Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеген сәтте немесе шешім Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей қабылданған жағдайда берілген дауыстар есептелген күні алған бюллетеньдер қатысады.

Сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін қажетті кворум сақталған жағдайда жарамды болып табылады.

9. Дауыс беру қорытындылары бойынша Есептеу комиссиясы немесе Акционерлердің жалпы жиналысында берілген дауыстарды есептеуге уәкілетті тұлға Дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасайды және қол қояды. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасағаннан кейін және Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін дауыс беруге арналған бюллетеньдер дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен бірге тігіледі және осы Жарғының 20-бабының 3-тармағына сәйкес сақталады.

Акционерлердің дауыс беру қорытындылары акционерлердің жиналысы жабылғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдарында және Қоғамның корпоративтік веб-сайтында дауыс беру қорытындыларын жариялау немесе Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде әр акционерге жазбаша хабарлама жіберу жолымен акционерлердің назарларына жеткізіледі. Сырттай дауыс беру қорытындылары осындай тәртіппен акционерлерге жеткізіледі. Акционерлердің дауыс беру қорытындылары да өткізілу барысында дауыс берілген Акционерлердің жалпы жиналысында жариялануы мүмкін.

## **20-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей рәсімделіп, қол қойылады және мыналарды қамтуы тиіс:

- Қоғам Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күні, орны мен уақыты;
- Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәлімет;
- Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне сәйкес дауыс беруге қойылған әр мәселе бойынша акционерлер берген дауыстардың жалпы саны;
- Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиумы) мен Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы туралы деректер;
- Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөз сөйлеуі;
- Дауыс беруге қойылған мәселелер, солар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес өзге де мәліметтер.

Акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда

Акционерлердің жалпы жиналысының Хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланатын мүшесінің қай акционердің өкілі болып табылатыны және/немесе Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

2. Хаттамаға Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (Президиум мүшелерімен), хатшысы, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер және дауыс беруші акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер, Есептеу комиссиясының мүшелері немесе Акционерлердің жалпы жиналысында есептеу жүргізуге уәкілетті тұлғалар қол қояды.

Хаттамаға қол қоюға міндетті адамның қол қоюы мүмкін емес болған жағдайда Хаттамаға берілген сенімхат негізінде оның өкілі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе сенімхатқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға қол қояды.

Осы тармақтың бірінші азат жолында көрсетілген тұлғалардың қайсыбірі Хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда аталған тұлғалар Хаттамаға тігіп қойылатын бас тарту себептерінің жазбаша түсіндірмесін ұсына отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру құқығына берілген сенімхатпен, Хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептері көрсетілген жазбаша түсініктемелермен бірге тігіледі. Бұл құжаттар Қоғамның коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын басқа да құпияларын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтай отырып, хаттамалар кітабына тігіледі, оларды Басқарма сақтайды және акционерлерге кез-келген уақытта танысу үшін беріледі. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

## **21-бап. Акционерлердің құқықтары мен міндеттері**

1. Қоғамның акционері құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан көп пайызын өзі жеке немесе басқа акционерлермен бірлесіп, иеленетін жағдайда Директорлар кеңесіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды енгізу туралы ұсыныс жасауға;

3) дивидендтер алуға;

4) Акционерлердің жалпы жиналысымен немесе осы Жарғымен анықталған тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептемесімен танысуға;

5) Қоғамның тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушысынан оның Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алуға;

6) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

7) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

8) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайда Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірлесе иеленген жағдайда Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірілген залалдарды өтеу Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Қоғамға ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүддесі бар мәмілелерді жасау (жасауға берілген ұсыныстар) туралы шешім қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) қайтарып беру туралы талап қоя отырып, өз атынан сот органдарына жүгінуге;

9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалмен өтініш білдіруге және Қоғамға сұраныс түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;

10) Қоғамды таратқан кезде мүліктің бөлігіне;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіпте Қоғамның акцияларын және оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықты сатып алуға;

12) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрлерін өзгерту туралы Акционерлердің жалпы жиналысының шешім қабылдауына қатысуға;

13) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және өз құзыретіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге құқығы бар.

2. Сонымен қатар ірі акционер құқылы:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, жиналысты шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) өз қаражаты есебінен аудиторлық ұйыммен Қоғамға аудит жүргізуге.

3. Осы баптың 1, 2-тармақтарымен белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге рұқсат берілмейді.

Қоғамның акционерлері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе осы Жарғымен көзделген басқа да құқықтарды иелене алады.

4. Қоғам акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) 10 (он) күн ішінде Қоғамның тіркеушісін және аталған акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушыларын Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіне енгізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге;



3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны қамтитын ақпаратты жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

5. Қоғам және Қоғамның тіркеушісі акционердің осы баптың 4-тармағы 2-тармақшасында белгіленген талаптарды орындамау салдары үшін жауапты болмайды.

6. Осы баптың 1-тармағы 2-тармақшасында көзделген талаптарды орындау Акционерлердің жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

## **22-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреті**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе Қоғам Жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

3) Қоғамның жарияланған акциялар санын арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның акцияларын ерікті делистингілеу туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;

7) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын Қоғамның бағалы қағаздарын шығару туралы шешім қабылдау;

8) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

9) Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

10) Қоғамның Есептеу комиссиясының сандық құрамын және өкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

11) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелері мен төрағасын сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығындарын өтеу мөлшері мен талаптарын анықтау;

12) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне қойылатын біліктілік өлшемдерін және Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын тәуелсіздік өлшемдерін бекіту;

13) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерін таңдау және іріктеу қағидасын бекіту;

14) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу және шығындарын өтеу қағидасын бекіту;

15) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерімен жасалатын үлгілік шартты бекіту;

16) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

17) Қоғамның жылдық және жарты жылдық қаржылық есептемесін бекіту;

18) Қоғамның есептік қаржы жылы ішіндегі таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;

19) осы Жарғының 13-бабы 5-тармағында көрсетілген жағдайларда Қоғамның жай акциялары бойынша және Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

20) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысу туралы немесе Қоғамға тиесілі барлық акциялардың жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыс ету (алу) жолымен басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

21) Қоғамның нәтижесінде мәміле туралы шешім қабылдайтын күні құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен айыратын (иеліктен айыруы мүмкін), нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен айырылатын (иеліктен айырылуы мүмкін) ірі мәміле жасайтыны туралы шешім қабылдау;

22) Қоғамның акционерлерді Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабардар ету нысанын анықтау және бұқаралық ақпарат құралдарында осындай ақпаратты орналастыру туралы шешім қабылдау;

23) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

24) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған жағдайда олардың құнын анықтау әдістемесін (соның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу) бекіту;

25) Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту;

26) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

27) Дивидендтік саясат туралы ережені бекіту;

28) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;

29) қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің мақсатты және шекті мәндерін белгілеу және/немесе қайта қарау;

30) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Қоғамның осы Жарғысымен шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

2. Осы баптың 1-тармағы 2), 3), 9), 24) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының берілген дауыстардың басым көпшілігімен қабылданады. Қоғамның сырттай дауыс беру арқылы осы баптың 1-тармағы 1)-б) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы осы баптың 1-тармағы 8-тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша орналастырылған акциялардың бір түрін акцияның басқа түріне ауыстыру бөлігінде қабылдаған кезде шешім артықшылықты акцияларды иеленген акционердің құқығын шектеуі мүмкін шешім, мұндай шешімге орналастырылған артықшылықты акциялардың (сатып алынғандарды шегере отырып) жалпы санының кемінде үштен екісі дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің немесе басқа да органдардың және Қоғамның лауазымды тұлғаларының құзыретіне табыс етілмейді.

Акционерлердің жалпы жиналысы, егер басқасы осы Жарғымен белгіленбеген жағдайда, Қоғамның басқа да органдарының Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша қабылдаған кез-келген шешімін жоюға құқығы бар.

## **23-бап. Директорлар кеңесі**

1. Директорлар кеңесі – Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын орган.

Директорлар кеңесі ұйымды стратегиялық басқаруды және Қоғам Басқармасының қызметін бақылауды қамтамасыз ететін Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін басқару органы болып табылады.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқару кезеңінде сыйақы төленеді және Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты шығындары өтеледі. Осындай сыйақылардың және өтемақылардың мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

3. Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау, сондай-ақ Қоғамның даму стратегиясын бекіту және оның іске асырылуын мониторингтеу;

2) орта мерзімді Даму жоспарын және/немесе Бизнес-жоспарын бекіту, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

- 3) орта мерзімді Даму жоспарын және/немесе Бизнес-жоспардың негізгі қызмет көрсеткіштерінің орындалуын мониторингтеу, орта мерзімді Даму жоспарының және/немесе Бизнес-жоспардың тоқсан сайынғы есептерін қарау;
- 4) Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды бекіту және олардың тиімді іске асырылуын мониторингтеу;
- 5) Қоғамның негізгі қызмет көрсеткіштерінің мақсатты мәндеріне қол жеткізуге мониторинг жүргізу;
- 6) Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- 8) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылатын мәселелерді енгізу;
- 10) Қоғамның жарты жылдық және жылдық қаржылық есептемесін алдын ала бекіту;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар беру;
- 12) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның дивидендік саясатына қатысты ұсыныстар жасау;
- 13) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне өткізілген тексерістер нәтижесі туралы ақпарат беру;
- 14) Қоғамның жылдық есебін және тұрақты даму туралы есепті бекіту;
- 15) Қоғамның шетелдік филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, сонымен қатар олар туралы ережені бекіту;
- 16) Қоғамның басқа да заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы немесе осы Жарғының 22-бабы 1-тармағы 20-тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыс ету (алу) жолымен басқа заңды тұлғаның құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;
- 17) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан артық пайыз акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 18) мынадай шешім қабылдау:
  - «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 17-1-тармақшасына сәйкес оларды бекіту туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәміле жасау;
  - «Самұрық - Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) Директорлар кеңесі «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына немесе осы Жарғыға сәйкес белгіленген тәртіпте шешім қабылданатын мәмілелерді қоспағанда, жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасау;

19) «Самұрық - Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдармен жасалуында Қоғамның мүддесі бар, соның (солардың) нәтижесінде құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің бес және одан көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алынатын немесе иеліктен айыратын (сатып алынуы немесе иеліктен айыруы мүмкін) мәміле жасау туралы шешім қабылдау;

20) нәтижесінде құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен айыратын (сатып алынуы немесе иеліктен айырылуы мүмкін), мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын Қоғамның жасауы туралы шешім қабылдау;

21) Қоғамның міндеттемелерін өз меншік капиталының он және одан көп пайызын құрайтын шамаға арттыру туралы шешім қабылдау;

22) бағалаушының Қоғамның акцияларын төлеу үшін берілген немесе ірі мәміле нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі қызметіне төленетін ақы мөлшерін және қаржылық есептеме аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметі ақысының мөлшерін анықтау;

23) Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесі мүшелеріне қойылатын біліктілік өлшемдері мен тәуелсіздік өлшемдеріне қатысты ұсынымдар беру;

24) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері, оны белгілеу тәртібі және төлеу шарттары жөнінде ұсынымдар беру;

25) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу және тағайындау қағидасын және Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу және шығындарын өтеу қағидасын алдын ала қарау;

26) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және сандық құрамын анықтау, комитеттердің өкілеттік мерзімін анықтау, комитеттердің төрағасы мен мүшелерін сайлау, олар туралы ережелерді бекіту;

27) Директорлар кеңесі туралы ережені қоспағанда, Директорлар кеңесінің қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

28) Қоғамның Жылдық есебінің құрамына кіретін Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері туралы есепті дайындау;

29) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі еңбеккерлерінің қызметін бағалау тәсілін бекіту және нәтижелерін қарау, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі еңбеккерлерінің қызметін бағалау қағидаттарын бекіту, сонымен қатар оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

30) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті шығыстардың жылдық сомасын айқындау;

31) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға кірісу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекіту;

32) Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелерінің және Қоғамның басқа да қызметкерлерінің сабақтастығы жоспарын және жоспарлау бағдарламасын бекіту;

33) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

34) Қоғамның Басқармасы туралы ережені, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

35) еңбекақы төлеу және сыйақы беру қағидасын, қызметақылар схемасын бекіту, сонымен қатар Қоғамның Басқарма төрағасының, Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшысы мен Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің қызметақылары мөлшерін анықтау;

36) Қоғамның Басқарма төрағасына, Басқарма мүшелеріне, корпоративтік хатшысына және Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне сыйақы төлеу туралы шешім қабылдау;

37) Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшы (Директорлар кеңесі жанындағы Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша), Ішкі аудит қызметінің басшысы (Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша) үшін негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәнін бекіту;

38) Қоғамның Басқарма мүшелеріне басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндіктеріне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

39) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін белгілеу, сонымен қатар Ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;

40) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту;

41) Басқарма мүшелерімен, Ішкі аудит қызметінің басшысымен және Корпоративтік хатшымен еңбек шарттарының талаптарын бекіту;

42) Омбудсменді тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Омбудсмен туралы ережені бекіту;

43) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

44) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және солар бойынша шешім қабылдау (Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша);

45) Қоғамның аралық қаржылық есептемесін мақұлдау;

46) Акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық ұйымға қатысты ұсыным беру;

47) сыртқы аудит бойынша саясатты бекіту;

48) Қоғамның орталық аппаратының құрылымы мен қызметкерлерінің жалпы санын бекіту;

49) Қоғамның Директорлар кеңесі сайлайтын немесе келісетін, сонымен қатар сайлау және/немесе келісу туралы шешімдер қабылдайтын лауазымдар тізбесін айқындау;

50) Қоғамның қызметкерлерін әлеуметтік қолдау қағидасын бекіту;

51) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарына жазылымдар мен аукциондар жүргізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

52) Қоғамның есепке алу саясатын бекіту;

53) іскери этика кодексін бекіту;

54) Корпоративтік басқару кодексін, оған өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала қарау және оны Акционерлердің жалпы жиналысына қарауға енгізу;

55) Тұрақты даму саласындағы ішкі құжатты, сонымен қатар оған өзгерістер және/немесе толықтыруларды бекіту;

56) Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін сақтау мен бағалауды қамтамасыз ету және Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесін реттейтін құжаттарды, бірақ онымен шектелмей, Тәуекелдерді басқару саясатын, Тәуекелдер бойынша лимиттерді белгілеу қағидаларын бекіту;

57) тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді бекіту;

58) Қоғамның негізгі тәуекелдерін басқару бойынша іс-шаралар жоспарын және тәуекелдер картасын, тізілімін бекіту;

59) Қор мен Қоғамның құжаттары талаптарына сай негізгі тәуекелдер мен лимиттер бойынша Қоғамның негізгі тәуекел көрсеткіштерін, тәуекел-тәбетін, төзімділік деңгейін бекіту;

60) тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту және оларды жүзеге асыру туралы есептерді қарау;

61) Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды қамтамасыз ету және акционерлерге жылдық есеп құрамында орындалған жұмыстар туралы есеп беру;

62) корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарларды және/немесе бағдарламаларды бекіту, және оларды іске асыру туралы есептерді қарау;

63) белгіленген тәртіпте корпоративтік дауларды реттеу, сонымен қатар мүдделер қайшылығы мен корпоративтік дауларды реттеу жөніндегі ішкі құжаттарды бекіту;

64) акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның Акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

65) Қоғамның және акциялары (қатысу үлесі) Қоғамға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін (қоса алғанда, бірақ шектелместен қайта құрылымдау, қайта құру, тарату, сатып алу және/немесе иеліктен айыру, сенімгерлікпен басқаруға табыс ету, ауыртпалық салу/жасау және

т.б. мәселелері) реттейтін құжатты бекіту, оның іске асырылуына мониторинг жүргізу, сонымен қатар мерзімді түрде көрсетілген құжаттарды қайта қарау;

66) акциялары (қатысу үлесі) Қоғамға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларда лауазымды тұлғаларды тағайындауға қатысты саясатты жасау;

67) өндірістік қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау бойынша есептерді қарау;

68) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетіні туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарламалар жолдау тәртібін анықтау;

69) Қоғамның қызметі, соның ішінде қаржылық қызметі туралы Директорлар кеңесі мүшелерінің ақпарат алу тәртібі мен мерзімін анықтау;

70) Қоғамның Директорлар кеңесі құрамындағы қызметі тоқтатылғаннан кейін Директорлар кеңесінің бұрынғы мүшелерінің Қоғам туралы ішкі (қызметтік) ақпаратты жарияламау ұзақтығы мерзімін анықтау;

71) Қоғамның ақпараттық саясаты бойынша ішкі құжаттарды бекіту;

72) Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігі бойынша ішкі құжаттарды бекіту;

73) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпиялардан тұратын, Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

74) Директорлар кеңесі қабылдаған, олар туралы ақпарат акционерлер мен инвесторлардың назарларына жеткізілуі тиіс шешімдер бойынша мәселелер тізбесін бекіту;

75) Директорлар кеңесі шешім қабылдайтын және Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын мәселелер тізбесін бекіту;

76) Директорлар кеңесі бекітетін және Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын тізбе бойынша өзге де мәселелер;

77) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе осы Жарғымен қарастырылған, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

5. Директорлар кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

6. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі ықтимал мүдделер қайшылығын, соның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және оларды жасалуында мүдделік бар мәмілелерді жасаған екіту кезінде асыра пайдаланушылықты бақылауы және мүмкіндігінше болдырмауы;

2) Қоғамда корпоративтік басқару тәрибесінің тиімділігіне бақылау жүргізуі тиіс.

7. Директорлар кеңесі жыл сайын өз жұмысына, Комитеттерінің жұмысына, Директорлар кеңесінің әр мүшесінің жұмысына ресми және жан-жақты бағалау береді және оның нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында талқыланады.

8. Директорлар кеңесі Қоғамның Басқармасынан және Ішкі аудит қызметінен толық көлемде және уақытылы ақпарат, түсіндірме және түсінік алуға құқылы.



## 24-бап. Директорлар кеңесін сайлау

1. Директорлар кеңесін сайлауды Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыретін, дағдыларын, жетістіктерін, іскери беделін және кәсіби тәжірибесін есепке ала отырып, ашық және айқын рәсімдер негізінде жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлаған кезде олардың Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

2. Басқарма мүшелері, оның басшысынан басқа, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

3. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі оған «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және/немесе осы Жарғымен жүктелген функцияларды орындауды басқа тұлғаға беруге құқығы жоқ.

4. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар сайланады. Жекелеген акционерлердің, Басқарма мен басқа да мүдделі тараптардың ықпалынан тыс еркін түрде тәуелсіз және дұрыс шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар тұлға тәуелсіз директор болып саналады.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде тұрақты даму принциптері мен барлық акционерлерге әділ қатынасты есепке ала отырып, Қоғам мүддесі үшін тәуелсіз, дұрыс және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімі сақталуы керек. Директорлар кеңесінің мүшелері және Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттар өз міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және іскери және салалық ортада мінсіз беделі болуы иіс.

5. Директорлар кеңесіне мүше бола алмайтын тұлға:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынып тасталмаған сотталғандығы бар;

2) Белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған осындай заңды тұлғаны еріксіз түрде тарату немесе акцияларын еріксіз сатып алу немесе уақытша тоқтатып қою туралы шешім қабылдағанға дейін бір күнтізбелік жыл ішінде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, бірінші басшы (Басқарма төрағасы), бірінші басшының орынбасары (Басқарма төрағасының орынбасары), алқалық атқару органының мүшесі немесе бас бухгалтері болған адам. Мұндай тұлға белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны еріксіз түрде тарату немесе акцияларын еріксіз түрде сатып алу немесе уақытша тоқтатып қою туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің лауазымын атқара алмайды.

6. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 7-11 адамды құрауы керек, Қоғамның Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызға дейінгі санын құрайды.

7. Директор тәуелсіз болып табылады, егер де ол:

Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмаса және Директорлар кеңесіне сайлар алдында үш жыл ішінде үлестес тұлға болмаса (оның Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына келген жағдайды қоспағанда);

Қоғамның үлестес тұлғасына қатысты үлестес тұлға болып табылмаса;

Қоғамның немесе ұйымдардың – Қоғамның үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарымен бағыныстылықпен байланысы болмаса және аталған тұлғалармен оны Директорлар кеңесіне сайлар алдындағы үш жыл ішінде бағыныстылықпен байланысты емес болса;

Аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істеген аудитор Қоғамның аудитіне қатыспаған және Директорлар кеңесіне сайланар алдында үш жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған болса;

Қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланар алдында үш жыл ішінде акционердің өкілі болмаған;

мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын.

8. Барлық Директорлар лауазымға Директорлар ретінде ресми кірісуі және өзінің кәсіби білімі мен дағдыларын тұрақты түрде жетілдіріп тұруы тиіс.

9. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері лауазымға енгізу бағдарламасынан өтуді талап етуге құқылы.

10. Директорлар кеңесі Қоғамның жылдық есебінің құрамында Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылатын өз қызметі туралы жылдық есеп құрамында өзі тәуелсіз деп санайтын әр Директорды көрсетуі тиіс. Директорлар кеңесі осы Жарғының 7-тармағына сәйкес Директордың шешім қабылдаған кезде тәуелсіз болғанын анықтауы; Директорды тәуелсіз деп тану негіздемесін көрсетуі, сондай-ақ Директорды тәуелсіз деп тануға әсер етуі мүмкін қарым-қатынастар мен жағдайлардың болуын көрсетуі тиіс.

## **25-бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі**

1. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі Акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімімен сәйкес келеді және Директорлар кеңесінің жаңа құрамы тағайындалатын Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген сәтте аяқталады.

2. Директорлар кеңесінің мүшелері 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар, қызмет нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

3. Директорлар кеңесі құрамына 6 (алты) жылдан көп мерзімге қатарынан (мысалы, 2 (екі) үшжылдық мерзімге) сайланған кез-келген мерзім Директорлар кеңесі құрамын сапалы жаңғырту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарастыруға жатады.

4. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің құрамына 9 (тоғыз) жыл қатарынан сайлана алмайды. Айрықша жайларда 9 (тоғыз) жылдан артық

мерзімге сайлануға жол беріледі, бұл ретте, осындай тәуелсіз директорды Директорлар кеңесіне сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлану қажеттілігі мен осы фактордың шешімдерді қабылдану тәуелсіздігіне тигізетін әсерін толық түсіндіре отырып, жүзеге асырылуы қажет.

5. Бір де бір тұлға өздерін тағайындауға, сайлауға және қайта сайлауға байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауы тиіс.

6. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Акционерлердің жалпы жиналысы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

7. Директорлар кеңесі есептік жылы отырыстардың 50%-ынан азына қатысқан және сырттай дауыс беруге қойылған мәселелердің 50%-ынан аз бюллетеньдер ұсынған Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға ұсыным жасауға міндетті.

8. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату оның бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің көрсетілген хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылады.

9. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесіне жаңадан тағайындалған мүшенің өкілеттігі Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімінің өтуімен бір уақытта тоқтатылады.

## **26-бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

1. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде:

1) лауазымға кірісу және білімі мен дағдыларын жетілдіру бағдарламасын алуды талап етуге;

2) Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді талап етуге;

3) қабылданатын шешімдер мен күн тәртібі мәселелері бойынша өзінің ерекше пікірін Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына енгізуді талап етуге;

4) Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің отырысына қатысуға, Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің бекітілген күн тәртібі бойынша қарастырылатын мәселелерді талқылауға;

5) белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

б) Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да қпиядан тұратын ақпарат алуға, Қазақстан

Республикасының заңнамасы мен Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның барлық құжаттарымен танысуға;

7) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын құру бойынша жазбаша ұсыныстар енгізуге;

8) Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

9) Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауына байланысты сыйақы, шығындарына өтемақы (шығыстарына) алуға;

10) Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде өткізілетін түрлі іс-шараларға (форум, семинар, кездесулер және т.б.) қатысу, іскерлік қатынастарды орнату арқылы Қазақстан Республикасының тараптық ұйымдарымен, мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Қоғамның мүддесін білдіруге және Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге де іс-қимылдарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Директорлар кеңесінің мүшелері міндетті:

1) өз міндеттерін тиісінше орындауы, Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз етуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Директорлар кеңесі туралы ережеде баяндалған талаптарды, адамгершілік қағидаттарын және іскерлік этика ережелерін акционерлердің және тұтастай алғанда Қоғамның мүдделері үшін сақтай отырып, жауапкершілікпен, ақылмен және әділ әрекет етуге;

3) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттемелерін орындауға байланысты оған мәлім болған ақпараттың құпиялығын, соның ішінде егер басқасы Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленбеген болса, Қоғамдағы жұмысы тоқтатылған сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде сақтауға;

4) Қоғамның жай-күйіне мониторинг жүргізуге және басқа органдармен және Қоғамның лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланысты сақтап тұруға;

5) өздері мүшелері болып табылатын Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстары мен жұмысына қатысуға;

6) өзінің қатыса алмау себептерін көрсете отырып, Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала ескертуге;

7) Директорлар кеңесімен оны басқа акционерлік қоғамның органына сайлау мүмкіндігін немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдау мүмкіндігін келісуге;

8) білімдері мен дағдыларын жетілдіру жоспарын құруға қатысуға;

9) Директорлар кеңесі төрағасына 2 (екі) жұмыс күні ішінде нәтижесінде тәуелсіз директор болуды тоқтататындай жағдайдың өзгергені туралы хабарлауға. Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін бұл ақпаратты тез арада акционерлерге хабарлайды.

3. Директорлар кеңесінің мүшесі мынадай, соның ішінде мүдделер қайшылығына қатысты қағидалар мен талаптарды сақтауы қажет:

- 1) шешім қабылдау кезінде олар бойынша мүддесі бар мәселелер бойынша дауыс бермеуге;
- 2) Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттемелерін орындауға байланысты оған мәлім болған құпия, инсайдерлік және басқа да ақпаратты жарияламауға, сонымен қатар оны Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттемелерін орындау кезінде де, Қоғамдағы жұмысы аяқталған соң 5 (бес) жыл ішінде де өз мүддесі немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін қолданбауға;
- 3) өзінің үлестестігі және ондағы өзгерістер туралы уақтылы хабарлауға;
- 4) Қоғаммен бәсекелес ұйымдарда құрылтайшы болмауға, органдарына қатыспауға;
- 5) Қоғамның мүлкін қолданбау және оның осы Жарғыға және Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдеріне қайшы қолдануға жол бермеуге, сонымен қатар жеке мақсатта қолданбауға және өз үлестес тұлғаларымен мәміле жасаған кезде асыра пайдаланбауға;
- 6) шұғыл шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуге бастама жасауға;
- 7) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылауға;
- 8) тәуелсіз директорлар мүдделер қайшылығы болуы мүмкін мәселелерді талқылаған кезде белсенді қатысуы тиіс (қаржылық және қаржылық емес есептемені дайындау, оларға қатысты мүдделелік бар мәмілелерді жасау, Басқарма құрамына кандидаттарды ұсыну, Басқарма мүшелеріне сыйақы белгілеу);
- 9) Қоғамның қауіпсіздік режимімен және құпия ақпараттың сақталуымен байланысты Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген барлық ережелерді және рәсімдерді сақтау.

## **27-бап. Директорлар кеңесінің төрағасы**

1. Директорлар кеңесінің төрағасын Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

2. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық етуге жауапты, Директорлар кеңесінің өз негізгі функцияларын толығымен және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, акционерлер мен Басқарма арасында сындарлы байланыс құрады, Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырысын шақырады, оған төрағалық етеді, отырыстарда осы Жарғыда белгіленген тәртіппен хаттама жүргізуді ұйымдастырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы ішкі және сыртқы кедергілерге қажетті деңгейде және уақытында әрекет ете алатын, Қоғамды тұрақты дамыту мен ұзақ мерзімді құнын өсіруге бағытталған бірыңғай кәсібилер тобын құруға ұмтылуы тиіс.

3. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі атқарады.

4. Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар кеңесіне басшылық етуге жауапты, оның жауапкершілік саласының барлық қырлары бойынша оның тиімді қызметін, акционерлермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді;

2) Қоғам атынан Қоғамның Басқарма төрағасымен Қоғамның Басқарма төрағасын материалдық көтермелеу мен жауапкершілігінің қызмет нәтижелеріне және Қоғамның орта мерзімді Даму жоспарының және/немесе Бизнес-жоспарының, бюджетінің орындалу нәтижелеріне тікелей байланысын көздейтін жеке еңбек шартын жасайды;

3) Қоғамның Басқарма төрағасына Қоғамдағы жұмысқа белгіленген тәртіппен қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалатын лауазымдар бойынша кандидатураны ұсынады;

4) акционерлерді Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері және құрамы туралы хабардар етеді;

5) Директорлар кеңесінің есептік кезеңдегі қызметі туралы, Корпоративтік басқару кодексі нормаларының сақталуы туралы ақпаратты акционерлерге жыл сайын ұсынып отырады;

6) акционерлермен тиісті сұхбат жүргізілуін қамтамасыз ету үшін жауапты;

7) белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесі бекітетін отырыстың күн тәртібін дайындайды;

8) Корпоративтік хатшымен бірлесе отырып, Директорлар кеңесі мүшелерінің анық және айқын ақпаратты уақытылы алуын қамтамасыз етеді;

9) Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің қызметіне қосқан тиімді үлесін және Директорлар кеңесінің мүшелері мен Басқарма арасындағы сындарлы қарым-қатынастарды қамтамасыз етеді;

10) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне лауазымға кірісу бағдарламасын ұсынуды қамтамасыз етеді;

11) акционерлермен тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз етеді, сонымен қатар Қоғам акционерлерінің көзқарасын тұтастай алғанда Директорлар кеңесіне жеткізуді қамтамасыз етеді;

12) Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің бағалау процесіне және оның нәтижесі бойынша шаралар қабылдауға жауапты болады;

13) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлайды және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін жасайды;

14) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешім қабылдау үшін толық және өзекті ақпаратты уақытында алуын қамтамасыз етеді;

15) Директорлар кеңесінің назарын Директорлар кеңесі қарауы тиіс стратегиялық мәселелерді қарауға және ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді азайтуға аударуды қамтамасыз етеді;

16) күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты әрі түбегейлі қарау, талқылау үшін қажетті уақыт бөлу, ашық талқылауды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу арқылы Директорлар кеңесі отырыстарын өткізудің барынша

нәтижелі болуын қамтамасыз ету;

17) негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдаған кезде ірі акционермен консультациялар ұйымдастыруды қамтитын акционерлермен тиісті байланыс пен өзара іс-қимылды құру;

18) Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдердің тиісінше орындалуын мониторингтеу мен бақылауды қамтамасыз ету;

19) әртүрлі пікірлер болған кезде Қоғам мүддесіне сай шешім қабылдау мақсатында, Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке тұлғалары ұсынған барлық тиімді нұсқалар мен ұсыныстарды қарастыруды қамтамасыз ету;

20) корпоративтік қайшылықтар туындаған жағдайда, оларды шешу және Қоғамның жұмысына теріс әсерін барынша азайту үшін шаралар қабылдайды, және осындай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда акционерлерді уақытында хабардар етеді;

21) Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

## **28-бап. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру**

1. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылған күн тәртібі баяндалған тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің төрағасы отырыстың күн тәртібін құруды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі Директорлар кеңесі күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылауға жеткілікті уақыт бөліп, мәселелерді толық және терең қарастыруға назар аударар алатындай отырысты өткізуге бөлінген жалпы уақытты бөле отырып, құрылады.

3. Директорлар кеңесінің төрағасы отырыс шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесі отырысын шақыруға міндетті.

4. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Басқармасы отырысты шақыру туралы талап түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруы тиіс.

5. Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

6. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғам Басқармасын Директорлар кеңесінің отырысына өзінің қатыса алмайтыны туралы алдын ала ескертуі тиіс.

7. Директорлар кеңесі отырысының материалдары Директорлар кеңесінің мүшелеріне 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, ал осы Жарғының 29-бабының 12-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша отырыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

## **29-бап. Директорлар кеңесінің отырысы**

1. Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін, өткізілетін күндері көрсетілген отырыстарды өткізу кестесін және қаралатын мәселелер тізбесін қамтитын жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің ұсынылатын мерзімділігі жылына 8-12 отырысты құрайды. Мұқият әрі толық талқылауды және уақтылы әрі сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету үшін жыл бойы қаралатын мәселелер санын теңдей бөлуге ұсыныс жасалады.

2. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуге арналған кворум сайланған Директорлар кеңесі мүшелерінің санының кем дегенде жартысын құрайды және тәуелсіз директорлардың жалпы санының кем дегенде жартысының қатысуын талап етеді. Кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жазбаша түрде берген дауыстары болған жағдайда (аралас дауыс беру) олардың болмауы ескере отырып анықталады.

3. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек аталған мәселені Акционерлердің жалпы жиналысына енгізу туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

4. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Директорлар кеңесінің ережесімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің отырыста қатысып отырған мүшелерінің қарапайым көп дауысымен қабылданады.

Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауысын Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа тұлғаға беруге рұқсат етілмейді.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

5. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне материалдарды ұсыну мерзімдері бұзылған мәселелер енгізілмейді. Күн тәртібіне мерзімдері бұзылған мәселелер енгізілген жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасына бұл қажеттіліктің толық негіздемесі ұсынылады.

6. Директорлар кеңесінің бір күндізгі отырысының күн тәртібіне енгізілетін ұсынылатын мәселелер саны оннан аспауы керек. Айрықша жағдайларда Директорлар кеңесінің төрағасы қосымша мәселелерді енгізуді мақұлдауы мүмкін.



7. Отырыстың күн тәртібін құру, Директорлар кеңесінің мүшелерін және отырыс қатысушыларын хабардар ету, сонымен қатар оларды қажетті материалдармен қамтамасыз ету бойынша міндет Корпоративтік хатшыға жүктеледі, Корпоративтік хатшы болмаған жағдайда – Басқармаға.

8. Жасалуында Қоғам мүддесі бар мәмілелер жасау туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Егер тәуелсіз директорлардан басқа Директорлар кеңесінің барлық мүшелері осындай мәміле жасауға мүдделі болған жағдайда, шешім тәуелсіз директорлардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Шешім қабылдау үшін қажетті дауыс саны болмауы себепті немесе берілген дауыстар саны тең болған жағдайда тәуелсіз директорлардың қарапайым көпшілік дауысымен шешім қабылдау мүмкін болмаған кезде, шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы жасалуына мүдделі емес акционерлердің басым көпшілік дауысымен қабылдайды.

9. Жасалуында мүддесі бар мәмілені Қоғамның жасауы туралы шешімді, егер жай акцияларды иеленген барлық акционерлер мүдделі адамдар болып табылатын жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылдайды.

10. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, ол отырысқа тек қана Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

11. Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай және іштей дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін, бұл ретте сырттай дауыс беру үлгісімен өтетін отырыстар саны барынша азайтылуы керек. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешім қабылдау тек қана Директорлар кеңесі отырысында іштей дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі отырысының екі түрі үйлестірілуі мүмкін. Бұл Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесі Директорлар кеңесі отырысында қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайға қатысты. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум оның мүшелерінің жартысынан кем емес болуы тиіс және қаралатын мәселелерді талқылауға және солар бойынша дауыс беруге техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция сеансы режимінде, телефон арқылы конференцбайланыс және басқалары) қолдана отырып, қатысатын Директорлар кеңесінің мүшелерін есепке ала отырып, немесе жазбаша түрде берілген дауыс болған кезде анықталады.

12. Осы Жарғының 23-бабы 4-тармағының 1), 2), 5), 10) – 12), 14), 16) – 20), 26), 33), 35), 37), 39), 40), 43) – 48), 56) – 60), 65) тармақшаларымен көзделген мәселелерді қараған кезде, сондай-ақ инвестициялық/кредиттік жобаларды және кадрлық мәселелерді қараған кезде Директорлар кеңесінің отырысын сырттай немесе аралас нысанда өткізуге рұқсат етілмейді.

13. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің бастамасы бойынша жүргізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап жазбаша нысанда Директорлар кеңесінің төрағасына (ол сырттай дауыс беруді

өткізуге қарсы болған жағдайда – Қоғам Басқармасына) тапсырылады және дауыс беруге қойылған анық және бір мәнді құрылған мәселеден (мәселелер) тұрады.

14. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып, жазбаша түрде рәсімделеді.

15. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні шінде Корпоративтік хатшы талқылаулар мен қабылданған шешімдер қорытындыларын толық көлемде көрсете отырып, жасайтын хаттамамен рәсімделеді және оған отырысқа төрағалық еткен адам мен Корпоративтік хатшы қол қояды және мыналарды қамтиды:

- 1) Қоғамның директорлар кеңесінің толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) өткізілу нысаны (күндізгі, сырттай немесе аралас, ашық немесе жабық);
- 3) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 4) Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылмайтын (Корпоративтік хатшыны қоса алғанда) – отырыс мүшелері мен шақырылғандардың ТАӘ;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) проблемалық аспектілер мен даулы жағдайларды дамытуды қоса алғанда, отырыс барысының хаттамасын жүргізу;
- 7) дауысқа қойылған мәселелер, талқылау және солар бойынша Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 8) қабылданған шешімдер;
- 9) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

16. Директорлар кеңесі отырыстарының материалдарын қоса алғанда, Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, сырттай өткізілетін отырыстардың шешімдері, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер, стенограммалар Корпоративтік хатшыда сақталады және оларды қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жылдан кейін белгіленген тәртіппен Қоғамның мұрағатына тапсырылады. Корпоративтік хатшы оларды Қоғамның мұрағатына тапсырғанға дейін осындай құжаттардың сақталуы үшін жауапты болады.

17. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпті бұзып, қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібінде шешуге құқылы.

18. Мәселені сырттай отырыста қарасуға қарсы болған Директорлар кеңесінің тым болмағанда бір мүшесі наразы болған жағдайда, мәселе Директорлар кеңесінің кезекті күндізгі отырысының күн тәртібіне енгізіледі.

19. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданған болып саналады.

20. Бюллетеньде көрсетілуі керек:

- 1) Қоғамның толық фирмалық атауы және орналасқан жері;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы ақпарат;

- 3) Директорлар кеңесінің мүшесіне бюллетеньдерді ұсыну күні және бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталған күні;
- 4) толтырылған бюллетеньдер жолданатын мекенжай;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) дауыс беруге шығарылатын мәселелердің тұжырымдамалары және әрбір мәселе бойынша шешімдер;
- 7) әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары: «қарсы», «қалыс қалды» және Директорлар кеңесінің мүшесі «жәк», «қарсы», «қалыс қалды» деп дауыс берген немесе жеке ескертулер жасалған себептері.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірлері хаттамаға қоса беріледі.

21. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі осындай шешім қабылдауға негіз болған бюллетеньдер көшірмелерін қоса ұсынумен шешім рәсімделген күннен бастап 20 (жиырма) күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдануы тиіс.

22. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүддесі бар Директорлар кеңесінің мүшесі, аталған мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында бұл туралы тиісті жазба жасалады.

### **30-бап. Директорлар кеңесінің комитеттері**

1. Мәселелерді аса терең және сапалы пысықтау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің мынадай комитеттері құрылады:

- 1) аудит;
- 2) тағайындаулар мен сыйақылар;
- 3) стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару;
- 4) басқа да комитеттер Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауы бойынша құрылады.

2. Директорлар кеңесі комитеттер құру, олардың қызметкерлер және сандық құрамы, төрағалары, өкілеттілік мерзімдері, сонымен қатар функциялары мен жұмыс тәртібі туралы шешім қабылдайды.

3. Комитеттердің құрамына комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреті мен дағдылары бар, дауыс беру құқығынсыз Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылар кіреді. Комитеттер құрамын құрған кезде ықтимал мүдделер қайшылығының болуы назарға алынуы керек.

4. Комитеттердің төрағалары комитеттің жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін кәсіби құқыреттерімен қатар, ұйымдастырушылық және көшбасшылық қабілеттерге, жақсы коммуникативтік дағдыларға ие болуы тиіс.

5. Комитеттердің функциялары, өкілеттігі, құрамы және комитеттердің қызметін ұйымдастыру процесі, комитеттердің құрамы, құзыреті, комитеттердің мүшелерін сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс істеу тәртібі, сонымен қатар олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы тиісті ережелерді

қамтитын тиісті ережелерде регламенттеледі және Директорлар кеңесімен бекітіледі.

6. Комитеттердің отырыстарында Комитет төрағасы мен оның мүшелерінен басқа ешкімнің қатысуға құқығы жоқ. Басқа тұлғалардың Комитеттердің отырысына қатысуына тиісті комитеттің шақыруы бойынша ғана рұқсат етіледі.

7. Комитеттер өз жұмыс жоспарын жыл сайын құрады, оны Директорлар кеңесі жұмысының жоспарымен келіседі, қаралатын мәселелер тізбесі мен өткізілетін күні көрсетіледі. Комитеттердің отырысын өткізу мерзімділігі жылына 4 (төрт) отырыстан кем емес. Комитеттердің отырыстары күндізгі нысанында өткізіледі, хаттамасы ресімделеді. Қолайлы жағдайлар жасау және комитеттердің отырысын өткізуге жұмсалатын шығындарды қысқарту мақсатында комитет мүшелерінің техникалық байланыс құралдары арқылы қатысуына жол беріледі.

8. Комитеттердің төрағалары комитеттің қызметі туралы есеп дайындайды және жылдық қызмет нәтижесі туралы Директорлар кеңесінің алдында жеке отырыста есеп береді. Директорлар кеңесінің төрағасы комитеттерден ағымдағы қызметі туралы ақпарат ұсынуды талап етуге құқылы. Мұндай есепті дайындау және ұсыну мерзімін Директорлар кеңесі айқындайды.

### **31-бап. Басқарма**

1. Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған мәселелері бойынша шешім қабылдайтын алқалық атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады.

2. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

3. Басқарма мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату осы Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Басқарма төрағасы мен мүшелері 3 (үш) жыл мерзімге сайланады. Басқарма төрағасының және Басқарма мүшелерінің өкілеттілік мерзімі тұтастай алғанда Басқарманың өкілеттілік мерзімімен сәйкес келеді.

4. Қоғамның акционерлері және оның акционері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарма мүшелері болуы мүмкін.

5. Басқарма мүшелері өз құқықтарын жүзеге асыру мен міндеттерін орындау кезінде әділ әрекет етуі және Қоғам мен Акционерлердің жалпы жиналысының мүдделерін білдіретін дәрежедегі тәсілдерді пайдалануы тиіс.

6. Басқарма мүшелері құқылы:

1) Қоғамның қызметі туралы толық ақпарат алуға, Қоғамның құрылтай, нормативтік, есепке алу, есеп беру, қаржы, шарт және басқадай құжаттарымен және материалдарымен, соның ішінде Қоғам Басқармасының құзыретіне жататын мәселелерді шешуге қажет аудиторлық қорытындылармен танысуға;

2) жоғарыда көрсетілген құжаттардың және Қоғам Басқармасы отырыстарының көшірмесін алуға;

3) Басқарманың жұмыс жоспарына және Басқарма отырысының күн тәртібіне ұсыныстар, сондай-ақ Басқарманың кезектен тыс отырысын шақыру туралы ұсыныстар енгізуге;

4) Басқарманың шешімдерімен келіспейтінін жазбаша түрде білдіруге және оны Қоғамның Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге;

5) Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен жұмыс істеуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен және Қоғам Басқармасы тралы ережемен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

7. Басқарма мүшелері міндетті:

1) Басқарма құрамында әрекет ете отырып, Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасау мәселелерін шешуге;

2) Қоғам Басқармасының отырыстарына қатысуға;

3) Акционерлердің жалпы жиналысының, Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының шешімдері мен тапсырмаларын орындауға, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;

4) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпаратын жарияламауға;

5) өзінің қызметтік жағдайын және Қоғам қызметі туралы алынған ақпаратты жеке басының мүддесі үшін пайдаланбауға, сондай-ақ өзінің қызметтік жағдайы мен өзі білетін ақпараттарды Қоғам мүдделеріне зиян келтіретін басқа тұлғалардың пайдалануына жол бермеуге;

6) Қоғамның Басқарма төрағасының және Директорлар кеңесі төрағасының назарына өздері лауазым атқаратын заңды тұлғалар, басқару органдары туралы ақпаратты жеткізуге.

8. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, Басқарма туралы ережемен, сондай-ақ Қоғаммен жасалған еңбек шарттарымен айқындалады. Басқарма төрағасымен жасалатын еңбек шартына Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Қоғамның Басқарма төрағасы қол қояды.

### **32-бап. Басқарма құзыреті**

1. Қоғам Басқармасы:

1) Қоғамның Даму стратегиясын, орта мерзімді Даму жоспарын және/немесе Бизнес-жоспарын, сондай-ақ олар бойынша толықтырулар мен өзгерістерді әзірлейді, мақұлдайды және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;

2) Қоғамның Даму стратегиясын, орта мерзімді Даму жоспарын және/немесе Бизнес-жоспарын, Қоғамның бюджетін жүзеге асыруды іске асырады, сондай-ақ олардың орындалуы үшін жауапты;

3) Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысы анықтайтын мерзімде Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының аумағында Қоғамның филиалдарын құру және жабу туралы шешімдер қабылдайды, сонымен қатар олар туралы ережені бекітеді;

5) осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі шешім қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың Директорлар кеңесі анықтайтын тәртіп негізінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен ерекеш талаптар белгіленген Қоғамның тобына кіретін ұйымдармен мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдайды;

6) құны Қоғам активтерінің жалпы құны мөлшерінен бес пайыздан асатын және оннан төмен пайызды құрайтын мүлікті Қоғамның сатып алуы немесе иеліктен шығаруы (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) нәтижесінде Қоғам мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім қабылдайды, осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Басқарма төрағасы қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда;

7) Қоғамның қызметкерлері орындауы үшін міндетті шешімдерді қабылдайды;

8) Қоғамның Директорлар кеңесіне және Акционерлерінің жалпы жиналысына қарауға шығарылатын мәселелерді алдын ала қарайды;

9) Қоғамның Директорлар кеңесіне қарауға мәселелердің енгізілуін қамтамасыз етеді;

10) Қоғамдағы ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлейді;

11) Қордың және Қоғамның құжаттары талаптарына сәйкес лимиттерді бекітеді;

12) Тәуекелдер жөніндегі комитеттің тиісті жылға арналған жұмыс жоспарын бекітеді, Тәуекелдер жөніндегі комитеттің қызметі туралы есепті мақұлдайды және Тәуекелдер жөніндегі комитеттің қызметін бағалайды;

13) Директорлар кеңесін Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы уақытында хабардар етеді;

14) Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның орталық аппаратының құрылымын және қызметкерлерінің жалпы санын ескере отырып, Қоғамның орталық аппаратының штаттық кестесін бекітеді;

15) Қоғамның әкімшілік және басқарушы қызметкерлеріне (Қоғамның Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметін, Корпоративтік хатшыны қоспағанда) еңбекақы төлеу ережесі мен қызметақылары схемасын бекітеді;

16) Қоғамның өндірістік және қызмет көрсететін персоналына еңбекақы және сыйақы төлеу ережесін бекітеді;

17) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген ішкі құжаттарын, соның ішінде біріктірілген менеджмент жүйесі бойынша құжаттаманы бекітеді;

18) Қоғамның экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы ішкі нормативтік құжаттарын бекітеді;

19) қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету туралы шешімдер қабылдайды;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған, Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

2. Басқарма Директорлар кеңесі мүшелеріне оларға жүктелген міндеттерді орындаған кезде Қоғам қызметі туралы ақпараттың, сондай-ақ қажетті түсіндірмелер мен ережелердің сұрау салынған сәттен бастап он күннен кешіктірілмейтін мерзім ішінде уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

3. Қоғамда тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша оралымды шешімдер қабылдау мақсатында Қоғам Басқармасының жанынан Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылады. Тәуекелдер жөніндегі комитетті құру және оның жұмыс тәртібі, сондай-ақ сандық құрамы Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

4. Басқарма Директорлар кеңесін Қоғам бюджетінің шеңберінде өз міндеттерін толық орындау үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі үшін жауапты.

5. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сыйақы мөлшері Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің ұсынымы бойынша айқындалады.

6. Басқарма мүшелеріне сыйақы беру негізгі және ауыспалы бөліктерден тұрады, бұл ретте соңғысы Басқарма мүшелерінің негізгі қызмет көрсеткіштеріне байланысты және тұрақты сипатқа ие емес.

### **33-бап. Басқарма қызметінің тәртібі**

1. Басқарма отырысы қажеттілігіне қарай шақырылады. Басқарма отырысы Басқарма төрағасының немесе Басқарманың өзге мүшелерінің, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

Басқарма мүшелері отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша ақпаратты алдын ала алады.

2. Басқарма өз отырыстарын дауыс берудің күндізгі түрінде өткізеді. Сырттай дауыс беруге Басқарма туралы ережеде айтылған айрықша жағдайларда ғана жол беріледі.

3. Басқарма отырысы, егер оған мүшелерінің кемінде жартысы қатысқанда заңды болып саналады. Басқарманың шешімі отырыста қатысып отырған Басқарма мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс беру кезінде Басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

4. Басқарма отырысында хаттама жүргізіледі, оған Басқарманың осы отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қояды. Басқарма отырыстарының хаттамаларын жүргізуді Басқарма хатшысы қамтамасыз етеді.

5. Басқарманың қарауына мәселелерді ұсыну құқығы Басқарма мүшелеріне, Ішкі аудит қызметіне тиесілі.

### 34-бап. Басқарма төрағасының өкілеттіктері

1. Басқарма төрағасы Басқарманың жұмысына тікелей басшылықты жүзеге асырады.

Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының немесе атқарушы органның міндеттерін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

2. Басқарма төрағасы өз құзыреті шеңберінде:

1) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастыруды;

2) Қоғам атынан сенімхатсыз үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста әрекет етеді, шарттар жасайды;

3) үшінші тұлғаларға қатысты Қоғам мүддесін білдіру құқығына сенімхат береді, сонымен қатар бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

4) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа), оларға көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларды қолданады, Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің, Қоғам филиалдары мен өкілдігі басшыларының лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Басқарманың құрамына кіретін қызметкерлерді, Ішкі аудит қызметінің мен Корпоративтік хатшыны қоспағанда, еңбекақы төлеу қорының шегінде Қоғам қызметкерлерінің еңбекақы және сыйақы мәселелерін шешеді, Қоғам филиалдарының ұйымдық құрылымын бекітеді;

5) өзі болмаған жағдайда өзінің қызметтік міндеттерін атқаруды Басқарма мүшесінің біреуіне жүктейді;

6) Басқарма мүшелері арасындағы міндеттерді, өкілеттіктерді және жауапкершілік салаларын бөледі;

7) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

8) Басқарма жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарына төрағалық етеді;

9) өзінің шетелдік іссапарларын Директорлар кеңесінің төрағасымен келіседі;

10) Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен тәртіппен және мерзімде, Қоғамның Даму стратегиясын, Бюджетін және Даму жоспары жобаларын Директорлар кеңесіне қарауға енгізуді қамтамасыз етеді;

11) Қоғамның Даму жоспары шеңберінде (егжей-тегжейлі бюджет болған жағдайда) Қоғам бюджетін (егжей-тегжейлі) бекітеді;

12) Директорлар кеңесіне еншілес, бағынысты және бірлесе бақылайтын ұйымдарды басқару туралы, сонымен қатар Қоғам қызметінің көрсеткішіне еншілес, бағынысты және бірлесе бақылайтын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижесінің әсері туралы тоқсандық, жылдық есептер ұсыну;

13) Қоғамның Даму жоспарының жүзеге асырылуы туралы Директорлар кеңесіне жыл сайынғы есепті ұсынады;



14) Директорлар кеңесінің, Акционерлердің жалпы жиналысының, жылдық қаржылық есептеме аудитін жүргізген аудиторлық ұйымның ұсынымдарының, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын қамтамасыз етеді;

15) Қоғамның меншігіне қатысты заңсыз іс-қимылдарды туындататын себептер мен жағдайларды анықтау жұмыстарын ұйымдастырады;

16) корпоративтік дау-дамайларды реттеу жөніндегі жұмысқа қатысады және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен корпоративтік дау-дамайларды реттеуді жүзеге асырады;

17) Қоғамның жылдық қаржы есептемесінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйыммен шарт жасайды;

18) белгіленген тәртіппен мемлекеттік құпияларды қорғауды, жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғаныс бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

19) Қоғамның Қоғамның өндірістік және қызмет көрсететін персоналының қызметақылары схемасын бекітеді;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысымен және Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Басқарма төрағасының Қоғам мүлкін сатып алуға немесе иеліктен алуға байланысты, Қоғам активтерінің жалпы құнының бес пайызына дейінгі мөлшерді құрайтын шамаға Қоғам атынан мәміле жасауға құқылы.

4. Басқарма төрағасы, егер оны Директорлар кеңесінің құрамына сайлаған жағдайда, Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алмайды.

### **35-бап. Ішкі аудит қызметі**

1. Қоғамның қаржы-экономикалық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау саласындағы бағалауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқару саласында құжаттардың орындалуын және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыру үшін Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

2. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен:

1) Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы шынайы тәуелсіз ақпарат береді;

2) бағалау жүргізеді, консультация береді және жүйелі әрі дәйекті ұстанымды қолдана отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен корпоративтік басқару үдерістерін жетілдіруге ықпал етеді;

3) Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес өзінің құзыретіне кіретін өзге жұмыстарды жүзеге асырады.

3. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне бағынады. Ішкі аудит қызметіне Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жетекшілік жасайды. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі,

сондай-ақ оның жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.

4. Қоғам мен Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Басқарма төрағасы мен Ішкі аудит қызметі еңбеккерлерінің арасындағы жасалған еңбек шарттарымен реттеледі.

5. Ішкі аудит қызметі басшысының басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында жұмыс істеуі мен лауазым атқаруы тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

### **36-бап. Корпоративтік хатшы**

1. Корпоративтік хатшы – Директорлар кеңесінің немесе Басқарманың мүшесі болып табылмайтын, Директорлар кеңесімен тағайындалатын және Директорлар кеңесіне есеп беретін және Қоғам Басқармасынан тәуелсіз, Қоғам қызметкері.

2. Корпоративтік хатшыға Қоғамдағы органдардың және лауазымды тұлғалардың акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді сақтауын, Қоғамның корпоративтік басқару аясындағы Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларын және ережелерді, Жарғы ережелерін және Қоғамның өзге құжаттарын сақтауын қамтамасыз ету жүктеледі. Корпоративтік хатшы Қоғамның органдары арасында тиімді ақпарат алмасуға ықпал етеді және Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғам Басқармасы үшін барлық басқару мәселелері бойынша кеңесші міндетін атқарады. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің отырысын даярлау мен өткізуді бақылауды, Директорлар кеңесінің отырысына материалдардың дайындалуын қамтамасыз етуді, соларға қолжетімділікті қамтамасыз етуді бақылайды.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты әрі айқын ақпаратты уақытында алуын қамтамасыз етеді.

3. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі мен Қоғамның ішкі құжаттарымен бекітілетін Корпоративтік хатшы туралы ережемен айқындалады.

4. Корпоративтік хатшының басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында жұмыс істеуіне және лауазым атқаруына тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

5. Қоғам мен Корпоративтік хатшы арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Басқарма төрағасы мен Корпоративтік хатшы арасындағы жасалған еңбек шарттарымен реттеледі.

### **37-бап. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің жалпы қағидаттары**

1. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Директорлар кеңесінің мүшелерін, Басқарма мүшелерін, Басқарма төрағасын қоса алғанда):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал да саналы, Қоғам мен акционерлердің мүдделеріне сай қамқорлықпен және байқампаздықпен, дау-дамайларды болдырмай орындайды;

2) өз қызметін Қазақстан Республикасы Зандарына, Корпоративтік басқару кодексіне, этикалық стандарттарға және жалпы қабылданған іскерлік этика нормалары талаптарына толық сәйкестікте қамтамасыз етеді;

3) Қоғамның мүлкін осы Жарғыға және Акционерлердің жалпы жиналысы шешіміне қарсы қолданбауы және оған жол бермеуге, сонымен қатар жеке мақсатта қолданбауға және өзінің үлестес тұлғаларымен мәміле жасаған кезде асыра пайдаланбауға;

4) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, менеджмент жүйесінің, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесі тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылайды;

6) өзіне немесе басқаларға қатысты корпоративтік дау-дамай туындауы мүмкін жағдайларға жол бермеуге міндетті;

7) корпоративтік дау-дамай туындаған жағдайда Корпоративтік хатшыны уақтылы хабардар етеді;

8) Қоғам қызметі туралы, оның ішінде егер Қоғамның ішкі құжаттарымен өзге белгіленбесе, Қоғамдағы жұмысын тоқтатқан сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде ақпараттың құпиялығын сақтайды.

2. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам мен акционерлер алдында олардың іс-әрекеті және немесе әрекетсіздігі салдарынан туындаған зиян үшін, және мыналардың нәтижесінде туындаған, бірақ бұнымен шектелмей, Қоғам тартқан залал үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жауапкершілік көтереді:

1) адасуға әкеп соғатын немесе алдын ала жалған ақпаратты беру;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу;

3) жауапсыз іс-әрекеттер жасағаны және/немесе әрекетсіз отыруы нәтижесінде Қоғамның шығынға ұшырауына әкеп соғатын, жасалуында мүдделігі бар ірі мәмілелерді және/немесе мәмілелерді жасау тралы қорытынды жасауға және/немесе шешімдер қабылдауға, соның ішінде Қоғаммен осындай мәмілелерді жасау нәтижесінде өздері немесе олардың үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуы мақсатында ұсыныстар беруі.

Акционерлердің жалпы жиналысының ірі мәмілелерді және/немесе жасалуында мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдауы қорытынды жасауға ұсынған лауазымды тұлғаны немесе өзі мүшесі болып табылатын Қоғам органының отырысында теріс әрекет еткен және/немесе

әрекетсіз отырған лауазымды тұлғаны, соның ішінде олардың немесе олардың үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуы мақсатында, егер оны орындауы нәтижесінде Қоғамға келтірген залалдары үшін жауаптылықтан босатылмайды.

3. Бұл ретте Қоғамға залал келтірген шешімге қарсы дауыс берген немесе белгілі себептер бойынша дауыс беруге қатыспаған лауазымды тұлғалар жауапкершілік көтермейді.

4. Егер бірнеше лауазымды тұлға жауапкершілікке тартылса, олардың Қоғам алдындағы жауапкершілігі ортақ болып табылады.

5. Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде Қоғамға келтірілген зияны мен шығындарының орнын толтыру туралы лауазымдық тұлғаға сот арқылы талап қоюға құқығы бар.

6. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларын есепке алуды жүргізеді және олардың тізімін қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға солар белгілеген тәртіпте ұсынады.

### **38-бап. Қоғамның жасалуына қатысты айрықша талаптар қойылатын мәмілелері**

1. Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі немесе Қоғам Басқармасы Қоғамның ірі мәміле және мүдделілікпен мәміле жасауы туралы шешімін осы Жарғының және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қабылдайды.

2. Қор тобына кіретін ұйымдармен Қоғамның ірі мәміле және мүдделілікпен мәміле жасауы туралы шешімі «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және/немесе осы Жарғыға сәйкес Қордың Директорлар кеңесі белгілеген тәртіпте қабылданады.

3. Ірі мәміле ретінде:

1) құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғамның сатып алуы немесе иеліктен шығаруы (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) нәтижесінде жасалған мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы;

2) нәтижесінде Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарын сатып алуы немесе бір түрінде орналастырылған бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан көп пайыз мөлшерінде Қоғам өзі сатып алған бағалы қағаздарын сатуы мүмкін мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы танылады.

### **39-бап. Есепке алу және есептілік**

1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен белгіленеді.

2. Басқарма жыл сайын өткен жылдың қаржылық есебін талқылау және бекіту үшін Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынады, оның аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес өткізіледі.

Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысына, қаржылық есептіліктен басқа, аудитордың ұсыныстарын қоса (басшылыққа хат) алғанда, аудиторлық есепті ұсынады.

#### **40-бап. Қоғамның аудиті**

1. Қоғамның жылдық қаржылық есептемесінің дұрыстығын тексеру және растау үшін, сондай-ақ оның ағымдағы қызметінің жағдайын тексеру үшін Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізеді.

2. Қоғамның жыл сайынғы аудиті қаржы жылының қорытындылары бойынша, ол аяқталғаннан кейін 90 (тоқсан) күннен кеш емес мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен жүргізіледі.

3. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғамның есебінен немесе ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды өз бетінше анықтауға құқылы. Аудит ірі акционердің талап етуі бойынша жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті.

Басқарма ұсынылған ақпараттың толықтығы мен нақтылығына жауапты.

4. Егер Басқарма Қоғамға аудит жүргізуден бас тартса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

5. Қоғам уәкілетті орган белгілеген тәртіп пен мерзімдерде, шоғырландырылған жылдық қаржылық есептемені бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын жариялауға міндетті.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес ірі мәміле және/немесе жасалуы мүдделілік тудырған мәміле туралы ақпарат жылдық қаржылық есептеменің түсіндірме жазбасында көрсетіледі, сондай-ақ "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 79-бабының талаптарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінен он және одан да көп пайыз сомасына мүлік сатып алынатын немесе шеттелетін мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мерзімдері мен шарттары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

#### **41-бап. Қоғамның ақпаратты ашып көрсетуі**

1. Қоғам Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, акционерлер мен инвесторлар алдында "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан

Республикасының Заңының 79-бабында, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабында және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған, акционерлер мен инвесторлардың мүдделеріне қатысты, өз қызметі және корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты ашады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері, акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс сұрақтар тізбесіне сәйкес мүдделі тұлғалардың назарына жеткізіледі.

2. Қоғамның өз хабарламаларын және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес міндетті түрде жариялануға жататын басқа да ақпаратты жариялау үшін пайдалануы тиіс баспасөз басылымы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді. Қоғамның қызметі туралы ақпарат республикалық газеттерде және Қоғамның корпоративтік сайтында жарияланады.

3. Қоғам кредиторларды, қоғамдастықты және акционерлерді ақпараттандыру мақсатында, Қоғаммен ірі мәміле жасалғаны туралы шешімді қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде, бұқаралық ақпарат құралдарында ірі мәміле жасалғаны туралы хабарламаны қазақ және орыс тілдерінде жариялауға міндетті.

4. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттарды, Қоғам оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде Қоғам Басқармасының орналасқан жерінде сақтауы тиісті.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 80-бабы 1-тармағында көрсетілген құжаттар сақтауға жатады.

Өзге құжаттар, оның ішінде қоғамның қаржылық есептемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

5. Акционерлердің мүдделеріне қатысты Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің бұрынғы мүшелерінің Директорлар кеңесі құрамындағы қызметі тоқтағаннан кейін Қоғамның ішкі (қызметтік) ақпаратын жарияламау бойынша ескіру мерзімі 5 жылдан кем емес мерзімді құрайды.

6. Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау туралы ақпарат Қоғам корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде акционерлерге ұсынылуы тиіс.

7. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді. Акционерлердің, Жарғының осы бабында көрсетілген ақпарат немесе құжаттың көшірмесін ұсыну туралы сұранысы бойынша, Қоғам сұранысты алған кезден бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, егер сұраныста өзге мерзімдер белгіленбесе, сұраныс берушіге оларды ұсынуға міндетті.

8. Акционер ақпарат алу мақсатында Басқармаға жазбаша түрде жүгінеді. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс.

9. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде жүргізуге міндетті.

10. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар, үлестілік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті Қоғамға ұсынуы міндетті.

11. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты осы Жарғы бекітілген күнінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, сондай-ақ үлестес тұлғалардың пайда болуына қарай 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

Қоғамның лауазымды тұлғасы бұрын үлестес тұлға ретінде көрсеткен тұлғаның үлестес болуы тоқтаған жағдайда, Қоғамның лауазымды тұлғасы бес күндік мерзімде Қоғамды бұл туралы ескертеді.

#### **42-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату**

1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, түрлендіру) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қоғам таратылған жағдайда, Директорлар кеңесі Басқармамен бірлесіп Акционерлердің жалпы жиналысына және мүдделі тұлғаларға қоғамды тарату қажеттілігінің негіздемесін ұсынады.

#### **43-бап. Қорытынды ережелер**

1. Осы Жарғыда реттелмеген барлық жағдайларда Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

2. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

**Басқарма төрағасы**



**Б. Қажиев**

Утвержден  
решением Общего собрания акционеров  
АО «Казахстанская компания по управлению  
электрическими сетями» (Kazakhstan Electricity  
Grid Operating Company) «КЕГОС»  
от 12 мая 2017 года № 6

## **УСТАВ**

**АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«КАЗАХСТАНСКАЯ КОМПАНИЯ ПО УПРАВЛЕНИЮ  
ЭЛЕКТРИЧЕСКИМИ СЕТЯМИ»  
(Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)  
«КЕГОС»**

г. Астана 2017 г.



## **Статья 1. Общие положения**

1. Настоящий Устав акционерного общества «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» (далее – Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование Общества:

1) на государственном языке: «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы;

2) на русском языке: акционерное общество «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC».

3) на английском языке: joint stock company «KEGOC» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company).

3. Сокращенное наименование Общества:

1) на государственном языке: «KEGOC» АҚ;

2) на русском языке: АО «KEGOC»;

3) на английском языке: JSC «KEGOC».

4. Местонахождение исполнительного органа Общества:

010010, Республика Казахстан, г. Астана, район Алматы, пр. Тәуелсіздік, здание 59.

5. Корпоративный сайт Общества – [www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)

## **Статья 2. Юридический статус Общества**

1. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан и законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом, Кодексом корпоративного управления, другими документами Общества, общепринятыми принципами (обычаями) деловой этики и своими договорными обязательствами.

2. Общество является национальной компанией и представляет собой коммерческую организацию, являющуюся юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан и имеющую своей основной целью получение чистого дохода от своей уставной деятельности. Общество обладает обособленным имуществом, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, круглую печать со своим наименованием, фирменные бланки и другие реквизиты, вправе от своего имени заключать договоры, приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и нести обязанности, быть истцом, ответчиком и третьим лицом в суде.

Миссия Общества – обеспечение надежного функционирования и эффективного развития ЭЭС Казахстана в соответствии с современными

техническими, экономическими, экологическими требованиями, стандартами профессиональной безопасности и охраны здоровья.

3. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах других юридических лиц.

4. В порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы и представительства, расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании положения, наделять их основными и оборотными средствами за счет собственного имущества, а также вправе создавать некоммерческие организации, в том числе учреждения.

5. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

6. Общество не несет ответственность по обязательствам своих акционеров. Акционеры не отвечают по обязательствам Общества и несут риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

7. Для осуществления уставных целей Общество имеет право в установленном законодательством порядке:

1) открывать счета в банках и других финансовых учреждениях, расположенных на территории Республики Казахстан и за ее пределами, как в национальной, так и в иностранной валюте;

2) иметь печать, штампы и бланки с полным наименованием Общества на государственном и русском языках, а также товарный знак и эмблему (символику), зарегистрированные в установленном порядке;

3) иметь в собственности обособленное имущество, а также самостоятельный баланс;

4) от своего имени заключать сделки (договоры, контракты), приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права;

5) выпускать ценные бумаги;

